



ҚҰРМЕТТІ СУДЬЯЛАР, СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Судьялар одағы атынан сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Судьялар қауымдастығы осымен екінші мәрте атап өткелі отырған күн бәріміз үшін – заң, әділеттілік үстемдігі идеалдарын бекітетіндер мен заң қорғаушыларына құрмет белгісі ретінде үлкен маңызға ие. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі, қоғамдық жүйе іргетасының мызғымастығы мен тұрақтылығы, ең бастысы – адамдар мен азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарының сенімді қорғанысы – жауапты және құрметті міндет, ауқымды әрі күрделі еңбектің нәтижесіне байланысты.

Әрбіріміз сот билігіне сенімнің артуына және сот мәртебесінің жоғарылауына жауаптымыз. Ақыл-ой, психологиялық және физикалық жүктеме арқылы жүзеге асатын күнделікті жұмыстарыңызда заңдылық пен әділеттілік қағидаттарын бекітіп отырасыздар. Кезіккен қиындықтарды еңсеріп, таңдаған кәсіптеріңізге адалдық, белсенді ұстаным танытып, құзыреттілік пен кәсібиліктің жарқын үлгісін көрсетіп келесіздер.

Осы мерейлі мереке күні біздің ардагерлеріміз, доғарыстағы судьяларымыз айрықша алғысқа лайық. Себебі, олар сот жүйесінің қалыптасуына, біздің мемлекетіміздің құқықтық және демократиялық негіздерінің қайнар көзін нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Бүгінгі таңда олардың басым көпшілігі қатарымыздан табылып, өздері жинақтаған мол тәжірибені өскелең буынға беріп, жас мамандардың кәсіби судьяларға айналуына өз ықпалын тигізіп жатыр. Ардагерлердің бұл істері – кәсіптеріне деген адал қарым-қатынастың, даналық пен ар-ұжданның, әділдіктің үлгісі. Оларға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, басымызды иіп алғыс айтамыз!

Қазіргі таңда сот жүйесін ары қарай жетілдіру мақсатында үлкен өзгерістер жүзеге асырылып жатыр. Осы реформалардың табысты болуы біздің бірлескен қажырлы еңбегімізге, қоғам мен мемлекет жүктеген өкілеттіліктерді мінсіз атқарып, сот төрелігін тиімді іске асыруға бағытталған ортақ ұмтылысымызға байланысты.

Төрткүл дүние түрленіп, қоғам өзгеруде, бірақ біздің кәсібіміздің басты өлшемдері – заңға қызмет етудің бұлжымайтын шарттары ұстанымға беріктік, әділдік, тәуелсіздік, жауапкершілік болып өзгеріссіз қала береді. Осы күрделі әрі жауапты қызметтеріңізге нағыз марапат азаматтардың сенімдері мен олардың әділ шешімге деген алғыстары десек болады. Өйткені, адамдардың сыйластығы мен құрметі – біздің қызметімізге берілген ең жоғары баға.

Құрметті әріптестер, бастарыңызға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, шалқар шабыт, қажымас қайрат, таусылмас талап, саркылмас күш-жігер тілейміз!

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы

(Соңы 2-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯ - ХАЛЫҚТЫҢ АР-ОЖДАНЫ



Заң – мемлекеттегі теңдік пен тыныштықтың, тұрақтылық пен татулықтың темірқазығы. Демократиялық мемлекеттің негізгі құқықтық институты ретінде сот заңның сақталуына, заң үстемдігінің орнауына бірден-бір кепіл саналады. Осындай үлкен жауаптылық жүктелгендіктен сот саласына жіті көңіл бөлініп, тәуелсіздік алғалы бері көптеген соны реформалар жүзеге асырылып келеді.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

Биыл Алаштың анасы атанған Сыр өңірі үшін айтулы жыл. Осыдан 85 жыл бұрын осы өңірде алғаш рет Қызылорда облысы құрылған болатын. Аймақтағы басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен қатар, 1938 жылдың 4 наурызынан бастап Қызылорда облыстық соты алғашқы жұмысын бастады.

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢ

Баршамызға белгілі, ол кез бен қазіргі кезеңді салыстыру мүмкін емес. Ол уақытта қазіргідей зәулім ғимарат, электронды құралдар, кеңсе-техникалық жабдықтар, тіпті, жүйеленген тәртіп нормалары да болмады. Қалалар мен аудандарда халықтың сайлауы арқылы халық соттары жұмыс істеді. Осы қиын кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін отандық сот жүйесі бірнеше мәрте реформаланып, өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтті.

Жаңадан құрылған Қызылорда облыстық сотының алғашқы төрағасы болып 1938 жылдың 4 наурызында Ақдәулетов тағайындалған. Облыстық соттың жаңадан құрылып, оның сот істерін конституциялық талапқа сай жолға қоюда алғаш тағайындалған судьялар қажырлы қызмет етті. Одан кейін тәуелсіздік жылдарына дейін облыстық сотты Мұхамедалин, С.Қуанов, Подобетов, А.Досамбаев, Иманғалиев, Ш.Әбжанов, Түменовтер басқарса, 1952 жылдан бастап әр кезеңде К.Жайсаңбаев, Ж.Берденов, С.Елшібаев, И.Сейітов, Ж.Ерімбетов, Ө.Ыхановтар басқарды. Еліміз егемендік-

ке қол жеткізіп, өзін тәуелсіз мемлекет ретінде жариялаған кезеңде, облыстық сот төрағасы болып Б.Асқаров, М.Ыбраев, Б.Сақаловтар Қызылорда облыстық сотының қалыптасуына өз үлесін қосты.

Егемендік алғаннан кейін Қызылорда облыстық сотының жұмысы бірден жақсарып кетті деуіміз асыра айтқандық болар. Себебі, сот жүйесін жақсартуда ғимараттар, жаңа үлгімен жабдықталған сот залдары, компьютерлер, білімді кадрдың жетіспеушілігі байқалды.

Барлық ауданда дерлік партия, кеңес органынан босаған көрнекті ғимараттар соттарға беріле бастады. Қаланың ең көрікті жері – қала алаңында орналасқан әсем ғимарат облыстық және қалада орналасқан соттарға берілді. Сол кезеңде соттарды мамандандыру қолға алынып, мамандандырылған экономикалық, қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі, тергеу, әкімшілік соттары құрылды.

(Соңы 3-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бақытжан ҚАРАМАНОВ, Павлодар облыстық сотының төрағасы:

«СОТ - ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРГАНЫ»

– Бақытжан Сәдуақасұлы, ұзақ жылдан бері сот саласында абыройлы еңбек етіп келесіз. Еліміздің сот саласы тәуелсіздік жылдардан бері көптеген өзгерістер мен жаңалықтарды басынан өткерді. Осы ретте, сот саласындағы қандай игілікті істерді ерекше атар едіңіз, әлі де жетілдіруді қажет ететін қандай бағыттар бар деп есептейсіз?

– Елеулі жаңғыртудың бірі мамандандырылған соттарды енгізу болды. Мамандандырылған соттардың абыройын азаматтар мен мүдделі тараптар жоғары бағалап, олардың қызметіне оң бағасын берді. Тәжірибе қабилданған шешімнің дұрыстығына ғана емес, сот жүйесіндегі бұл жаңашылдықтың өміршеңдігін де көрсетті. Сондай-ақ, азаматтық сот ісін жүргізуде медиация тәртібі мен дауларды сотқа дейін реттеудің заң жүзінде бекітілген рәсімдерін қолдану, нотариустардың атқарушылық жазбасының кеңінен енгізілуі сот жүктемесін төмендеткенін атап өткен жөн.

Е-сот төрелігін, сондай-ақ, мемлекеттік органдармен синхрондалған «Сот көмекшісі» құқық қорғау және арнайы органдардың ақпарат алмасу жүйесі деректер базасы сияқты IT сервистерді енгізу елеулі жетістік болып табылады.

ҚР Жоғарғы Сотының Ахуалдық орталығы тарапынан сот процестеріне мониторинг жүргізу, судьялардың істерді қарау мерзімін сақтауын қамтамасыз ету, сот актілерін тіркеу сияқты ауқымды жұмыстар атқарылуда, бұл сот билігінің беделіне оң әсер етеді.

Сөз реті келгенде, судьялар тәуелсіздігі қағидатын жүзеге асыру шараларының бірі болып табылатын еңбекақыны көтеру сияқты фактіні атап өтпеуге болмайды. Соттардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін арттыру қажет, өйткені көптеген соттар ескірген кеңсе техникасын, тозған жиһазды пайдаланады, сондай-ақ, онлайн режимінде процестерді немесе дөңгелек үстелдерді өткізуге арналған гаджеттер (планшет немесе ұялы телефондар) жоқ. Сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыру шаралары толық орындалмаған, мысалы:

– соттарды нақты емханаларға бекіту және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету;

– судьялар мен олардың отбасы мүшелерін шипажайлық-курорттық емделуге жіберу;

– белгіленген лимиттен асатын еңбекке жарамсыздық парағын төлеу.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯ - ХАЛЫҚТЫҢ АР-ОЖДАНЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонау тарихтан тамыр тартқан дала заңынан бастап бүгінгі дара заңдарға дейінгі кезеңде адам құқығын қорғау мәселесі күн тәртібінен бір сәт те түскен емес. Содан болар, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тәмілмен қызмет еткен билердің ұстанымы арада неше уақыт өтсе де өзгермеді. Билердің мақсат-мүддесі бүгінгі судьялардың ұстанымымен, жұмыс принципімен үндес. Кешегі билер – бүгінгі судьялар дегенді кең тыныс, нық сеніммен айтатынымыз да сондықтан.

Міне, сол билердің жолын жалғаған, сот төрелігінің туын жықпаған судьялардың қоғамдағы орны мен ел дамуындағы қызметі ескеріліп, былтырғы жылдан бері Қазақстан күнтізбесіне «Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі» деген жаңа мереке қосылды. Бұл біз үшін ерекше күн, айрықша мейрам. Арнайы кәсіби мерекенің бекітілуі –

сот жүйесі мен судьялар жұмысының еленгенін, осы кәсіпке деген құрметтің орныққанын көрсетеді.

Енді судьялар мен сот қызметкерлерінің меншікті мейрамы бар. Ал осы айтулы күнді атап өту тұжырымдамасын бекіту әлі де болса кезек күттірмейді. Кәсіби мереке тек бір-бірімізді құттықтап, жылы сөз арнау үшін, немесе үздіктерді даралап, марапаттау мақсатында белгіленбейді. Бұл ерекше күнді атап өтудің барлық жұртшылыққа белгілі сыртқы көрінісі ғана. Дұрысында мұндай мерекені енгізудегі басты ұстаным осы кәсіптің тарихын түгендеуге, саланың басы-қасында жүріп ұлы істерге бастамашы болған азаматтардың еңбегін көрсетуге бағытталуы тиіс. Кәсіби мереке – тарихты тануға берілген мүмкіндік.

Қазір ақпарат заманы. Бірін екіншісі алмастырып, қазір оқыған жаңалығың бір сағаттан кейін ескі мәліметке, одан кейін тарихқа айналып жататын бүгінгідей заманда елдің есінде қалып, өткеніңді ұмытпау үшін

ақпаратты өзге емес, өзің басқаруың керек. Бізде қазір көпшілікке күнделікті ақпарат ұсынуға басымдық беріледі. Өкінішке орай, тұлғатану, сот саласына еңбегі сіңген жандардың еңбегін дәріптеу, іргелі істерін тарих бетінде қалдыру жағы біздің салада кемшін соғып тұр. Шындыққа тура қарайтын болсақ, біздің тарихты сырттан келіп біреу жазып бермейді. Сот саласында өзіндік сара жолы бар, ізінен ергендерге қамқорлық танытып, жаңа бастамалардың бел ортасында жүрген ардагер судьялардың арадан кеткеннен кейін аты да, еңбегі де есте сақталмайтыны үлкен кемшілік. Өткенді танымай, ертеңге қадам жасау мүмкін емес. Сондықтан, кәсіби мереке кезінде судьялар қауымы мен сот қызметкерлері жайлы естеліктерді топтастырып, ел алдында жүрген ардагер судьялардың өмірінен мол мағлұмат жинауға күш біріктіргені жөн.

Кәсіби мереке – тұлғатану, судьялардың оң имиджін қалыптастыру жұмысының іргетасына айналуы тиіс. Судья – төрелік етуші, ақ пен қараның ара жігін ажыратып, мемлекет атынан үкім шығарушы. Бұл қазы жұмысының басты қыры, негізгі болмысы. Алайда, ірі қалаларды былай қойғанда, судья – облыс, аудан орталықтарындағы халықтың сүйенетін, үлгі ететін, тіпті именетін басты тұлғасының бірі екенін мойындауымыз керек. Судья кәсібіне адал болып қана қоймай, жоғары мәдениет, терең танымымен, биік парасатымен айналасына өнеге көрсетуі міндет. Ал судьяның білімі



Жайық ЖАНБОЛАТОВ, Қонаев қалалық сотының төрағасы

мен білігіне, парасаты мен пайымына өлшем болар бірден-бір орын – бұқаралық ақпарат құралдары. БАҚ-та судьяның туралығы, даналығы, даралығы туралы үнемі жазылып, көрсетілсе, халықтың санасында мықты судья туралы ғана емес, мықты жүйе туралы оң көзқарас қалыптасады. Ендеше, кәсіби мерекені соттың жағымды имиджін нығайтуда да пайдалана білгеніміз абзал. Жақсыны дәріптеуден, барымызбен бөлісуден қашпағанымыз дұрыс.

Ардагер судьялардың базынасына назар аудару, қамқорлық көрсету,

ежіжақты диалог орнату мәселесі де мерекемен тұспа-тұс жүргізілсе құба-құп. Судьялар – кәсіби мерекенің басты батыры, негізгі кейіпкері. Бүкіл саналы ғұмырын сот саласына арнаған олардың соттағы реформаларға қатысты айтары көп. «Сырт көз сыншы» демекші, ардагерлерге ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін айқындау оңай. Тек олардың пікірін тыңдап, лебізіне құлақ түрсек болғаны. Осыған орай құқық, сот тақырыбын жазатын басылымдарда ардагерлер үшін арнайы айдарлар ұйымдастырып, соттың әлеуметтік желідегі парақшаларына ардагерлер пікірін тұрақты жариялап отырудың пайдасы орасан болмақ. Егер осы іс жолға қойылса, бұл аға буынға көңіл бөліп, ортақ диалог орнатуымызға көмектесері, әрі олардың сын-ескертпелері арқылы өз жетістігімізді жетілдіріп, қатемізді түзеуімізге ықпалын тигізетіні анық еді. Сондықтан, бұл мәселе де кешікпей қолға алынуы тиіс.

Кәсіби мереке аясында шешілуі кезек күттірмейтін іс-шаралар аз емес. Ойымызда тұрғанды жүйелі жоспарға, сауатты бағдарға айналдыру ұжымның бірлігі мен ынтымағына тәуелді. Ең бастысы, қазақстандық соттың қазанында қайнаған берекелі ұжымның басын біріктіретін бір күн – кәсіби мерекеміз бар. Енді тек осы мерейлі күнді судьялар мен сот қызметкерлерінің рухын көтеріп, мәртебесін арттыруға, мерейін үстем етуге бағыттай алсақ болғаны.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҚАЗЫЛАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛҒАН КҮН

Ойын бүкпесіз айтатын, ұсыныстарын іркілмей жеткізетін адамдар болады. Олар мұндай ерекше пікірді өз жағдайын жақсарту үшін айтпайды. Айналасын жақсы жаққа өзгерту үшін, қоғамға оң серпіліс жасау мақсатында көпшілік талқысына тастайды. Осындай соны сүрлеумен жүргенді қалайтын адамдарды көргенде Америка ойшылы Ральф Уолдо Эмерсонның «Жол апаратын жерге ермеңіз. Оның орнына жол жоқ жерге барып, із қалдырыңыз» деген сөзі еске түседі. Біздің мақаламыздың кейіпкері – Алматы қаласы Алатау аудандық сотының судьясы Нұржан Қарабаев та жаңашылдықтың адамы.



бір сотқа біріктіру қаржылық тұрғыдан да, ұйымдастырушылық жағынан да ұтымды екенін ұсыныс қып жеткізген де осы судья. Жақында соттарды біріктіру бойынша айтылған бұл бастаманың Жоғарғы Сот тарапынан қолдау тапқанын естіді. Сол үрдіспен «Заң газетінің» бетінде «Судьялардың өз кәсіби мерекесі болуы керек!» деген ойды алғаш көпшілік талқысына тастаған да осы Нұржан Ерубайұлы еді.

Байқасаңыз, халыққа қызмет ететін, елге етене жақын кәсіп иелерінің бәрінің де меншікті мерекесі бар. Ал, медицина, полиция қызметкерлерінің ортақ кәсіби мерекеден бөлек, бейіндік саласына байланысты арнайы күндерінің белгіленгенін де байқап жүрміз. Сонда биліктің бір тармағы саналатын, мемлекеттегі маңызды функция – заң мен әділдікті орнату міндеті жүктелген сот саласына кәсіби мерекенің берілмеуін қалай түсінеміз? Қазақстан күнтізбесінде неге судьялар күні жоқ? – деп еді Нұржан Қарабаев «ЗАҢ» Медиа-корпорациясына келген бір сапарында.

Ұсынысының негізсіз еместігін нақты фактілермен дәлелдеген Қарабаев сол жолы көршілес елдердегі судьялардың материалдық жағдайы туралы, кәсіби

мерекесі мен мәртебесі туралы, мемлекет кепілдік берген сот тәуелсіздігі жайлы біраз қызықты мәліметтерді алға тартқан болатын.

Бұған қоса, журналистермен сұхбат өрбіткен ағамыз судьялардың кәсіби мерекесінің маңызына, түпкі мәніне де жан-жақты тоқталып, тарихи деректермен сөзін тұздықтағаны әлі есімде.

Қазір судьялардың өз кәсіби мерекесі болмағандықтан, Конституция күнінде немесе тәуелсіздік мейрамында сот жүйесінің қызметкерлеріне құрмет көрсетіліп, марапат тапсырылып жүр. Судьялар мен сот қызметкерлерінің мерейін арттырған бұл шаралар Ата Заң мен тәуелсіздік күнінің тасасында қалып келе жатқаны шындық. Бұл сот жұмысына мән бермеудің көрінісі. Ал аталмыш мәселе оң шешімін тапсын десек, біз осы түйткілге көпшіліктің назарын аудартып, бастаманың түпкі мақсатына жұртшылықтың көзін жеткізе білуіміз керек, – деп еді өз саласына шын жаны ашитын маман.

Бірақ, кәсіби мерекені айқындау бір күнде, бір адамның ынты-ықпалымен шешілетін оңай мәселе емес. Солай екенін білсе де Қарабаев шаршамады. Ол «Заң газеті», «Юридическа газета» басылымдарының, «Заң» және «Фемид» журналдарының, сонымен бірге, көптеген ақпараттық порталдар мен сайттардың көмегіне, әріптестік қолдауына сүйене отырып «судьяларға кәсіби мереке керек» деген ұсынысты там-тұмдап халыққа жеткізіп, санасына сіңіре бастады. 2022 жылы судья және сот қызметкерінің кәсіби мерекесі белгіленгенге дейін Нұржан Ерубайұлы бұл бағытта ауқымды іс-шаралар өткізді.

24 маусымды «Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі» ретінде бекіткен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 31 наурыздағы №183 Қаулысы – отандық қазылардың ортақ тілегінің жеңісі. Ендеше, кәсіби мереке құтты болсын!

А.САТЫБАЛДЫ, «Заң газеті»

КИЕ

«Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және конституция мен заңға ғана бағынады» деп Ата Заңымыздың 77-бабы 1-тармағында анық жазылған.

ТІЛДІ ШҰБАРЛАУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



Нұрсұлтан ӘБДІҚАДЫРОВ, Алакөл аудандық №2 сотының судьясы

Заңнама талабы біз еңбек ететін Алакөл аудандық №2 сотында толық орындалуда. Соның ішінде мемлекеттік тіл мәселесін көтерсем, талап-арыз мемлекеттік тілде түссе сот тыңдауы да, сот процесі де қазақ тілінде өткізіліп, үкім, шешім, қаулы, ұйғарым мемлекеттік тілде шығарылады. Тілді шұбарлауға жол берілмейді. Сот тыңдауының артықшылығы сол – талапкерге де, жауапкерге де заңнама талабы толық түсіндіріліп, олардың келісімдері ескеріліп, сот отырысы қай тілде өткізілетіні де анықталады. Сот процесін өткізуге жақсы дайындықпен

бару қалыптасқан әдетім. Қаралатын іске қатысты заңдармен қатар нормативтік құқықтық актілерді де мұқият оқып, арасында ой сергіту үшін қазақ әліппесінің атасы Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларын қайталап оқудан жалықпаймын. Оқыған сайын адам санасы жаңғыра түседі. Пайдасын сот отырысында ғана емес, қызмет бабында көріп жүрмін. Сауатты жанға том-том істегі сөйлем құрау, сөз, әріп қатесі айқын көрінеді. Ал тілді жетік білмеуден, іс барысын толық түсінбеуден қателіктер кетіп, іс қайта тергеуге жіберіліп жатады. Тіпті, шешімдер мен үкімдер апелляциялық сатыда бұзылады. Міне, осындай олқылыққа жол бермеу үшін ана тілді жақсы меңгерген ләзім. Негізі Алакөл ауданы қазақ аудан болғандықтан, талап арыздың 90-95 пайызы қазақ тілінде түседі. Бірақ грамматикалық қате баршылық. Сондықтан заңдық құжаттарды таза қазақ тілінде жазуға дағдыланған абзал. Оған ортаның тигізетін әсері үлкен. Міне, осы мәселені тұрғылықты халықтың қаперіне салғым келеді.

ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

САРАП



А.САБЫРОВ, Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Көптеген құқықтық жүйелерде, соның ішінде демократиялық елдерде азаматтар сот

АПЕЛЛЯЦИЯ - ТӨМЕНГІ САТЫ СОТТАРЫНЫҢ ҚАТЕЛІГІН ТҮЗЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МЕХАНИЗМІ

процесіне қатысуға немесе сот шешімдерімен келіспейтінін білдіруге құқылы. Мұндай құқық сот процесіне қатысушы тараптарға немесе басқа мүдделі тұлғаларға тиесілі. Апелляциялық сот төменгі сатыдағы сот қабылдаған шешімді қайта қарайды және сот процесінде қателіктердің болған, болмағанын дәлелдер мен қолданыстағы заңнама негізінде бағалайды.

Апелляция – бұл Қазақстандағы сот шешіміне таласудың алғашқы қадамы. Бұл тараптарға төменгі сот шығарған шешімді қайта қарауға мүмкіндік береді. Апелляциялық саты істі қайта қарайды және бірінші сатыдағы шешімді өзгерте алады, сондай-ақ, істі қайта қарауға жібере алады. Егер апелляция қанағаттандырылмаса немесе тарап апелляциялық соттың шешіміне қанағаттанбаса, кассациялық шағым нысанында одан әрі шағымдануға болады. Кассациялық шағымдар тиісті юрисдикцияның жоғары сатыдағы сотына, әдетте Жоғарғы Сотқа беріледі. Кассациялық шағым беру кезіндегі негізгі ойлар заңды дұрыс қолданбау немесе түсіндіру, іс жүргізу талаптарын бұзу немесе заңға қайшы келетін қателіктерге негізделуі мүмкін. Төменгі соттың шешімі негізінен қате екенін көрсету маңызды.

Тамыры терең тарих беттеріне сүйенетін болсақ, демократиялық қоғам болып қалыптас-

қан Қазақ хандығында да апелляциялық процесс болған. 15-19 ғасырларда қалыптасқан тарихи құрылым Қазақ хандығының да өзінің бірегей құқықтық жүйесі болды. Осы жүйе шеңберінде сот шешіміне шағымдану әділеттілікті қамтамасыз етуде, дауларды шешуде және заңның үстемдігін сақтауда маңызды рөл атқарды. Хандықта сот жүйесі иерархиялық құрылым болды. Жергілікті деңгейде қазы (судьялар) азаматтық және қылмыстық істерді қарайтын соттарда төрағалық етті. Бұл соттар әдеттегі құқық пен исламдық құқықтық принциптер негізінде әрекет етті. Алайда, шағымдану процесі негізінен рулық құрылым мен хандықтың орталық билігі аясында жүзеге асырылды. Сот шешіміне шағымдану құқығы Қазақ хандығында танылды, бұл әділ және әділ сот төрелігіне деген адалдықты көрсетеді. Сот шешіміне наразы тараптар шешімді қайта қарауға ұмтылып, өз істерін жоғары тұрған сатыларға беруге мүмкіндік алды. Бұл шағымдану механизмі ешбір адамның әділ сот талқылауынан айырылмауын немесе әділетсіз шешімге ұшырамауын қамтамасыз ету үшін өте маңызды болды.

Қазақ хандығында апелляциялар, әдетте, тайпалық құрылым аясында өтті. Даулар делдал және төреші болған тайпа ақсақалдарына берілуі мүмкін. Олардың рөлі істі бағалау,

дәлелдемелерді қарау және қарастырылып отырған мәселеге жаңа көзқарас беру болды. Бұл процесс төменгі сот деңгейінде туындауы мүмкін кез келген ықтимал қателерді немесе біржақтылықты түзетуге мүмкіндік берді. Неғұрлым күрделі немесе маңызды жағдайларда тараптар Қазақ хандығының жоғарғы билеушісі ханға тікелей жүгіне алады. Хан сот шешімдерін қайта қарауға, кешірім беруге немесе істі қайта қарау туралы бұйрық беруге құқылы болды. Оның қатысуы дауларды шешудің және әділеттілікті сақтаудың орталықтандырылған және беделді механизмін қамтамасыз етті. Қазақ хандығына шағымдану процесі әділдік пен қарапайым құқықты сақтау қағидаттарына негізделді. Қазақ хандығындағы апелляциялық үдеріс сот төрелігін жүзеге асыру үшін елеулі оң өзгерістер әкелді. Бұл ерікті сот шешімдерінің кепілі болды, қателерді түзетуге және дауларды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік берді.

Қорытындылай келе, сот шешіміне шағымдану сот төрелігі саласындағы маңызды және қажетті рәсім деп айтуға болады. Бұл азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, сот төрелігінің сапасын арттыруға және азаматтардың құқықтық жүйеге деген сенімін нығайтуға көмектеседі.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ ТАРИХИ КЕЗЕҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қызылорда облыстық сотында төрағасы болып 2002 жылдан бастап М.Есжанов, Қ.Шаухаров, М.Сабырбаев, Н.Қайырбеков, Қ.Нұрышев қызмет атқарды. Мемлекеттік биліктің бір тармағы ретінде сот жүйесі құқықтық мемлекеттің маңызды бөлігі. Бұл тұрғыда адал әрі әділ сот билігін құруда бірқатар шаралар жасалғанын білеміз. Қазіргі таңда егеменді еліміздің сот саласы – қауқарлы да қуатты, тәуелсіз біртұтас жүйеге айналды. Бұл жұмыс талай уақыттан бері атқарылған сот-құқықтық реформалардың нәтижесі деп нық сеніммен айтуға болады.

Азаматтардың сотқа деген сенімі артып, судьялар мен судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптар күшейтілді. Соттың қоғамдағы орны да өзгерді. 2018 жылы қабылданған «Сот төрелігінің жеті түйіні» жобасы арқылы сот органдарын одан әрі дамыту бойынша жеті басым бағыт ұсынылды. Осы бағыттар бойынша Қызылорда облысы

соттарының судьялары мен сот қызметкерлерінің тынымсыз еңбек етуінің арқасында облыстық сот республикада бірнеше көрсеткіш бойынша көш басында. Атап айтқанда тараптар арасында дауды медиация жолымен аяқтау кең етек алып, татуластыру шарасы күн сайын артып келеді. Дау шешу өнері – қазаққа тән қасиет. Бұрынғы билер адамдар арасындағы, тіпті екі рулы ел арасындағы бітіспестей көрінген дауларды бір ғана сөзбен шешкен. Ол үшін томдардан тұратын заңдар жинағынан бөлек, үлкендік, ағалық ақыл беретін тәрбиеге толы дала заңдарын қолданған. Осы ескі өнерді жаңғырту мақсатында жұмыс жасайтын билер кеңесі өңіріміздің барлық ауданында құрылып, қарқынды жұмыс жасауда.

Мемлекет басшысының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырудан сот жүйесі де қалыс қалмауда. Сотқа жүгінушілерге қолайлы орта қалыптастыру біздің басты мақсатымыз. Осы орайда соттарда жаңа үлгіде жасалған фронт-кеңсе-



Әділхадиди ШЫҒАМБАЕВ,
Қызылорда облыстық сотының
төрағасы

лер ел игілігі үшін қызмет атқаруда. Фронт орталықта кіріс кеңсесі, адвокаттар мен медиаторлар орны, күту залы, сотқа жү-

гінушілерге арналған электронды тақталар үздіксіз жұмыс жасап тұр. Соттың ашықтығын қамтамасыз етуде әр жарты жыл сайын аудан тұрғындарымен жеке қабылдау өткізіп, сұрақтарына жауап беріліп, ұсыныс-пікірлері тыңдалып, халыққа бағытталған жұмыстар атқарылады.

Бұрын сотты тек жазалаушы орган ретінде қабылдайтын, ал қазіргі таңда сот жүйесі азаматтар мен заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғайтын ұйымға айналды. Осындай жауапкершілікті арқалаған облыстың сот ұжымы сот төрелігін іске асырып, халыққа қызмет көрсетумен қатар, қоғамдық, көпшілік-мәдени жұмыстарда да белсенді. Биыл өткен ҚР Судьялар одағының Х дәстүрлі спартакиадасына облыстық сот судьялары белсене қатысып, жүлделі үшінші орынды иеленсе, сот қызметкерлерінен құрғайтын команда облыстық біріншілікте бас жүлдені жеңіп алды.

Осылай кешегі күнге көз жүгірте отырып, осы уақыт аралығында облыстық соттың өзіне жүктелген міндеттерін орындауда талай игілікті істер жасалып, заңдылық пен әділеттілік жолында білімі мен қажыр-қайратын аямаған ардагерлеріміздің өнегелі ісі бүгінгі ізбасарларына үлгі болары анық. Сондықтан берекелі іске ұйысқан, бүгінде 85 жылдық мерейтойын тойлағалы отырған Қызылорда облыстық сотының ұжымына ынтымақ-бірлік, әрқайсысының деніне саулық, отбасыларына амандық тілеймін.

Алаштың анасы атанған Сыр елі мен облыстың сот жүйесі жасай берсін!

СҰХБАТ



– **Гүлжахан Мәдиқызы, сот ардагерлерін әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету шаралары лайықты түрде қарастырылған ба?**

– Біз бұл мәселені көптен бері көтеріп жүрміз. Себебі, отставкаға шыққан судьялардың әлеуметтік жағдайы жақсартуды талап етеді. Мысалы, отставкадағы судьяға өмірлік жәрдемақы төленеді әрі осы қаржы оларға берілетін зейнетақы болып есептеледі. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі» туралы заңының 35-бабы 2-1-тармағында он бес жыл судья болып, зейнеткерлік жасқа толған, оның ішінде 2016 жылға дейін отставкаға шыққан судьяға соңғы атқарған лауазымы бойынша жалақысының елу пайызы ай сайын төленетіні көрсетілген. Бұл норма отставкасы тоқтатылған немесе уақытша тоқтатылған судьяларға қолданылмайды.

Тағы да заңға тоқталып өтсек, сондай-ақ, отставкаға 2016 жылға дейін шыққандарға он бес жылдан асатын судьялық жұмыс өтілінің әрбір жылы үшін ай сайынғы өмірлік жәрдемақының мөлшері соңғы атқарған лауазымдық айлықақысының бір пайызына ұлғайтылады. Бірақ, отставкадағы судьяның өмірлік жәрдемақысының ең жоғары мөлшері соңғы лауазымдық жалақысының 65 пайызынан және заңмен белгіленген АЕК-тің 109 еселенген мөлшерінен асып кетпеуі керек. Заңның осы нормалары бір-біріне қарама-қайшы, сондықтан, бұлар он бес және жиырма жыл жұмыс істеп, отставкаға шыққан судьялардың заңды құқықтарына нұқсан келтіреді. Өйткені, өмір бойғы жәрдемақының ең жоғары мөлшері – 109 АЕК судьяның материалдық және әлеуметтік қажеттілігін өтеуге жетпейді. Бұдан отставкадағы су-

дьяларға заңмен берілген кепілдіктердің орындалмай отырғанын көруге болады.

– **Нақтырақ айтсаңыз?**

– 109 АЕК қазіргі судья жалақысының 50 пайызынан аз. Осы жайттың өзі тиісті заңның отставкадағы судьяларды әлеуметтік қамсыздандыру пакетімен қоса, өмірлік қамтамасыз ету мөлшері

109 АЕК қазіргі судья жалақысының 50 пайызынан аз. Осы жайттың өзі тиісті заңның отставкадағы судьяларды әлеуметтік қамсыздандыру пакетімен қоса, өмірлік қамтамасыз ету мөлшері туралы нормасын қайта қарау қажеттігін байқатады. Біздің ойымызша, шекті мөлшерге қойылған шектеу алып тасталып, өмірлік жәрдемақы мөлшерін есептеуде Ресейдегідей бірыңғай өлшем мен тәртіп белгіленуі керек.

туралы нормасын қайта қарау қажеттігін байқатады. Біздің ойымызша, шекті мөлшерге қойылған шектеу алып тасталып, өмірлік жәрдемақы мөлшерін есептеуде Ресейдегідей бірыңғай өлшем мен тәртіп белгіленуі керек. Мысалы, қазақстандық отставкадағы судьялар ресейліктер сияқты еңбек сіңірген жылдары үшін сыйақы алмайды, тиісті медициналық қызметпен де қамтамасыз етілмеген. Ал, Ресей заңында осы мәселелер толық қамтылған.

Бейнеттің зейнетін көру әр адамның арманы, сондықтан, қолданыстағы заң нормалары азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның нормаларына нұқсестендірілуі керек. Олай дейтініміз, сот саласы ардагерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемін алуға құқығы жоқ, ал құқық қорғау органдарының қызметкерлері

Гүлжахан МУСИНА,

ҚР Судьялар одағының Алматы қалалық сотының филиалы жанындағы Ардагерлер кеңесінің төрайымы, отставкадағы судья:

«СОТ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ҚАЙТА ҚАРАҒАН ЖӨН»

мұндай құқыққа ие. Құқық қорғау органының қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңның 68-бабының 1-тармағына сәйкес, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері қызметтен босатылған күннен бастап тағайындалады және жүзеге асырылады. Өкінішке қарай, судьяларға мұндай мүмкіндік берілмеген.

– **Тиісті медициналық қызметпен қамтылмаған деп отырсыз, бұл үшін қандай шаралар жасалғаны жөн?**

– Бүгінде отставкадағы судьялар сапалы ем алу үшін ақылы емделуге немесе қосымша ақылы медициналық сақтандыруды алуға мәжбүр. Өйткені, 2016 жылдан бастап судьялардан Қазақстан азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру туралы

дың мәртебесі туралы заңның 51-бабының негізінде тұрғын үй алған отставкадағы судьялар осы үй-жайды сатып алу құқығынан айырылды. Бұл жерде Азаматтық кодекстің 383-бабының талаптары бұзылып отыр. Дегенмен, тұрғын үйді жалдау шарттарында мұндай құқық көрсетілген. Яғни, 51-баптың 2-тармағына сәйкес, қызметтік тұрғын үй судьяның қалауы бойынша ел заңдарында белгіленген тәртіппен жеке-шелендірілуі мүмкін. Мәселен, Құқық қорғау қызметі туралы заңның 68-бабының 2-тармағына сай, он жылдан астам уақыт қызмет атқарған қызметкерлер тұрақты тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйлерін, қалауларына қарай, заңда белгіленген тәртіппен және қалдық құны бойынша меншігіне сатып ала алады.

– **Аталған мәселелер бойынша қандай да бір ұсыныстарыңыз бар ма?**

– «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі» туралы заңның 35-бабындағы «109 АЕК-тен аспайтын» деген сөзді алып тастап, Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодексімен отставкадағы судьяларды ведомстволық медицинаға құқығы бар адамдар қатарына қосу туралы өзгерістер енгізілуі керек.

Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері, құқық қорғау органдарының зейнеткерлері тіркелген медициналық мекемелерге отставкадағы судьяларды бекіту, оларға өздеріне берілген қызметтік тұрғын үй-жайды қалдық құны бойынша сатып алуға немесе 30 жылдық жұмыс өтілі бар ардагер судьяларға өтеусіз негізде жеке-шелендіруге рұқсат беру де кезек күттірмейді.

– **Сот қызметкерлері мен судьялар мерекесіне орай тілегіңізді білсек.**

– Әріптестеріміздің жұмыстарына жеміс, жеңіс тілеймін. Абыройлары арта берсін. Сот ардагерлері еңбегінің рахатын көріп, бақытты қарттықта өмір сүруіне тілектеспін.

– **Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет.**

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

ӨНЕГЕ



ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҰСТАЗ

Сот саласына жұмысқа қабылдап, қызметтің қыр-сырын үйреткен Тұрмат Баймағанбетов ағамыздың менің еңбек жолымдағы орны бөлек. Ол кезде техника дамымаған, халықтың әл-ауқаты төмен болғандықтан, қылмыс та көп еді. Соған орай уақытпен санаспай жұмыс жасауға тура келді. Осы тұста Тұрмат ағай өзінің ақыл-кеңесін, еңбектің оңай жолы болмайтынын айтып, қиындыққа мойымай, алға ұмтылуға жол сілтеді.

Басшы ретінде өте талапшыл, жауапкершілікті бірінші орынға қоятын жан бізді де тәртіпке үйретті. Сот саласындағы 30 жылға жуық тәжірибемде ол кісінің қолдауын көп көрдім. Ешқашан дауыс көтермей, қандай тапсырма берсе де «балам» деп жақын тартуы өзімізге деген сенімімізді бекіте түсетін. Осындай қолдаудан кейін кез келген жұмысты үлкен жауапкершілікпен атқаруға ұмтылатынбыз.

Тұрмат Сабекұлы кәсіби еңбек жолын Шиелі аудандық халық сотының сот отырысының хатшысы қызметінен бастаған. Кейіннен сол соттың сот орындаушысы, Шиелі мемлекеттік нотариалдық кеңесінің нотариусы қызметін атқарып жүріп, судьялық лауазымға алғаш рет 1986 жылы Қармақшы аудандық халық сотының судьясы қызметіне сайланумен бастаған. Осыдан кейін Тереңөзек аудандық халық сотының төрағасы, Шиелі аудандық сотының төрағасы, Қызылорда қалалық мамандандырылған әкімшілік сотының судьясы қызметтерін абыроймен атқарды. 2008 жылдан бастап доғарыстағы судья. Сот жүйесінің ардагері тынымсыз еңбек, үздік нәтижелері үшін «Үш би» құрмет белгісін иеленген. Сонымен бірге, «Судьялар одағының» құрметті мүшесі, Шиелі ауданының Құрметті азаматы, аудандық қоғамдық және ардагерлер кеңесінің мүшесі.

Бүгінде Шиелідегі татуласу орталығын басқарып, билер кеңесінің төрағасы болып отырған ағамыз үлгілі отбасы иесі. Осындай мықты әкенің тәлімін алған ұл-қыздары әр салада жемісті еңбек етіп жүр. Мен де білікті ұстаздың қамқорлығын көріп, қызметтес болғанымды мақтан тұтамын.

Г.ПІРІМБЕТ,
Сырдария аудандық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Жанат БЕКЖАНОВ, Қызылорда облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы:

«КӘСІБИ МЕРЕКЕ - ҚҰРМЕТТІҢ БЕЛГІСІ»

— Жанат Сақыбайұлы, кәсіби мереке сала қызметкерлері үшін қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?

— Қай салада болсын кәсіби мереке сол кәсіпке деген құрметті білдіреді. Мәселен, сот жүйесінде алты жарым мыңнан аса мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Жоғарғы Соттан бастап аудандық сотқа дейін небір мықты мамандар бар. Бұған техникалық қызметкерлерді қосыңыз, бүгінде салада судьялардан бөлек 9 мыңдай адам еңбек етеді.

Сот саласына бүкіл өмірін арнаған аға-апаларымыздың орны бөлек. Мысалы, Жаңақорған аудандық сотының кеңсе меңгерушісі Бибиайым Толыбаеваның еңбек еткеніне 39 жыл болды. Бұл аз уақыт емес, бір адамның өмірі. Сот қызметкерлері мерекесінің күнтізбеге енуін өз басым осы кісілердей еңбектің нағыз майталмандарына көрсетілген құрмет ретінде бағалаймын. Кәсіби мерекенің кез келген маманның мәртебесін арттырып, мерейін шалқытуда маңызы зор.

— Жалпы сот қызметкерлерінің еңбегі жеткілікті деңгейде бағаланып жатыр ма?

— Сот қызметкерлерінің жұмыс тәртібіне қарасақ, өз деңгейінде бағаланып жатыр дей алмаймыз. Себебі, сот қызметкерлерінің айлығы төмен. Шын мәнінде барлық нәрсе әлеуметтік жағдайға байланысты. Солардың ең бастысы ай сайынғы жалақы. Сот қызметкерлері таң атқаннан күн батқанға дейін тынымсыз еңбек етеді. Тіпті, олар сенбі, жексенбі күндері де жұмыс істейді. Сондықтан, сот қызметкерлерін жұмысқа алу тәртібінде тарификацияны арнайы белгілеген дұрыс. Басқа мемлекеттік органдарда солай.

Прокуратурада, ішкі істер органдарында, жемқорлыққа қарсы қызметте, т.б. жұмысқа қабылдау тәртібі мен еңбекақы белгілеудің арнайы стандарты қалыптасқан. Сот қызметкерлеріне де осындай бір жүйелілік керек. Олай дейтінім, генерал болуды армандамайтын солдат жоқ дегендей, сотқа келетін мамандар судья болуды мақсат етеді. Бірақ,

ол мақсатына жететіндер де, жетпейтіндер де бар. Сондықтан, сот қызметкерлерінің еңбекақысын тағайындауда, олардың еңбек өтілдері, яғни, тәжірибелері ескерілуі тиіс.

— Судьялыққа үміткерлерді іріктеуде сотта жұмыс істеген мамандарға басымдық беру жөн бе?

— Судьялыққа барлық саладан келеді, мысалы, оның ішінде адвокат, ішкі істер қызметкері, прокурор, заңгерлер бар. Бірақ, басқа саладан келгендердің көбінесе сот жұмысының ыстық-суығына көндіге алмай, кетіп қалатыны өмір шындығы. Өйткені, жұмыс ауыр, жалақы оған сай емес. Судья болу — балғаны ұрумен шектелмейді. Адам тағдырын шешу — үлкен жауапкершілік. Мысалы, сот отырысының хатшысы болудың өзі оңай емес.

Сырттан келетіндерге қарағанда сот мәжілісінің хатшысы боп

тәжірибе жинағандар мықты. Міне білікті судьялар көбінесе осы ортадан шығады. Судья істі қарап, ақ-қарасын ажыратады, шешімді өзі жазады. Бұл оңай емес, шынайы біліктілікті талап етеді. Осы себепті, судьялыққа сотта жұмыс істеген тәжірибелі мамандарды көптеп тартқан абзал. Университет бітіре сала сотқа келетіндердің мықты болатын себебі, олар соттың жұмысын бүге-шігесіне дейін меңгереді.

— Газет-журнал керек емес деген пікірдегі әріптестеріңіз де бар. Журналистерден алшақ жүретін, пікірін айтудан жасқанатын судьялар да көбейді. Мұның себебі неде?

— Қазақстанның басты мақсаты құқықтық мемлекет құру болғандықтан, құқықтық басылымдар бізге қажет. «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор» дегенді Напалеон бекер айтқан жоқ. Мемлекеттің дамуында БАҚ-тардың үлесі орасан. Мәселен, «Заң газеті», «Заң» журналы тәуелсіз мемлекетіміздің мемлекеттік тілдегі тұңғыш құқықтық басылымдары екенін жақсы білеміз. Осы себепті, бұлардың тарихта алар орны бөлек. Әлеуметтік желілер газет-журналдар сияқты сақталып қалмайды, олар түптің-түбінде жойылып кетуі мүмкін. Жастарды білмеймін, біз газет-журналды, кітапты қолымызға ұстап, астын сызып отырып оқығанды жақсы көреміз. Заң саласындағы басылымдарға қолдау көрсету көзі ашық, көкірегі ояу әрбір азаматтың міндеті.

— Мерекелік тілегіңіз?

— 24 маусым — Судьялар мен сот қызметкерлерінің, 28 маусым — БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекесі. Соған орай, аталған кәсіп иелерін мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Әділдік туын, сондай-ақ, халықтың құқықтық сауатын көтеруде бірігіп қызмет ете берейік. Толағай табыстар тілеймін.

— Рақмет.

Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ, «Заң газеті»

БАҒДАР

24 МАУСЫМ КЕЗДЕЙСОҚ ТАҢДАЛҒАН ЖОҚ

Биылғы жылы кәсіби мерекеміз екінші рет атап өтілмек. Тәуелсіздік алған жылдан бері кәсіби мерекенің бекітілуін сот саласында еңбек етіп жүрген әрбір судья мен сот қызметкерлері асыға күткен болатын. Төл мерекеміз неге отыз жыл бойы белгіленбеді? Оған не себеп болғаны белгісіз. Бірақ осы кезге дейін отандық сот жүйесінің кәсіби мерекесі болмаған соң, амалсыздан 30 тамыз Конституция күнін кәсіби мереке ретінде атап өтіп келдік.

Әрине, мемлекеттік мейрамдар бәрімізге ортақ, дегенмен судьялардың да басқа елдердегі сияқты өз кәсіби мерекесінің болғаны дұрыс. Ал, 5 желтоқсанда — Ресейдің, 15 желтоқсанда — Украинаның, 5 наурызда Қырғыз Республикасының соттары кәсіби мерекелерін тойлап келген болатын.

Кәсіби мерекеден құр қалған қазақстандық судьялар мен сот қызметкерлері мұны әділетсіздік санап, өздерінің төл мерекесін енгізуге бұрыннан әрекет жасап, осы мәселені көтеріп бұқаралық ақпарат құралдарында қаншама мақалалар жариялады. Өз кезегінде Жоғарғы Сот жаңа мерекені енгізуге талап қылып, еліміздегі мереке күндерінің тізбесіне өзгерістер енгізу туралы жоба дайындап,

Үкіметке жолдаған болатын. Нәтижесінде, Үкімет басшысының 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен «24 маусым — Судья және сот қызметкерлері күні» — деп белгіленді.

Аталмыш қаулыда «Судья және сот қызметкерлері күні» конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, жеке адамның құқығы мен заңды мүддесін қорғауға қосқан үлесі үшін сот қызметкерлеріне құрмет ретінде ұсынылғаны ерекше атап өтілген.

24 маусымды судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесі деп белгілеу кездейсоқтық емес. Бұл тарихпен, сотқа қатысты заңдармен тамырлас. Еліміз егемендігін алғаннан кейін 1992 жылы 24 маусымда

«Қазақ КСР-нің сот жүйесі туралы» заңға алғашқы түзетулер енгізілген заң қабылданды. Осы заң Жоғарғы Соттың, облыстық, қалалық, аудандық соттардың, сондай-ақ, жаңадан құрылған әскери соттардың сот төрелігін жүзеге асыру тәртібін қамтамасыз етті. Қабылданғаннан бергі отыз жыл ішінде сот жүйесі талай реформаны басынан кешті. Заманауи жаңғыртудың бірнеше кезеңінен сәтті өтті. Міне, сондықтан да игілікті істердің басында тұрған аталмыш заңның сот тарихындағы орны ерекше.

Атаулы кәсіби мерекенің бекітілуі мерейімізді өсірді. Сот саласында еңбек ететін судьялар мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттері аса қатты жауапкершілікті талап етеді. Оны әріптестеріміз жақсы біледі. Осындай жауапты саладағы әріптестеріміз үлкен игі істердің басын құрап, еліміздің сот жүйесін ілгері дамытуда тер төгуде.

Барша әріптестерді төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Сот саласын дамытуда жасаған еңбектеріңіз елене берсін! Отандық соттың абыройы асқақ, беделі биіктей берсін!

Мереке ШҮКІРОВ, Қаратөбе аудандық сотының төрағасы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

АСТАНА - ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ДИАЛОГЫНЫҢ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



Орталық Азия елдерінде цифрлық гендерлік алшақтықты жою басым бағыт болуы керек. Өкінішке қарай, бұл ретте әйелдердің тағы да қысымға ұшырау қаупі бар. Бұған әйелдердің жаңа дүниені, соның ішінде цифрлық технологияны игеруге ынтасының аздығы да себеп болуы өбден мүмкін. Сондықтан цифрлық гендерлік алшақтықты жоюға әйелдердің бастамалары, белсенді іс-қимылы қажет. Бұл жөнінде Астанада «Инновациялар мен технологияларды дамытудағы әйелдердің ролі» тақырыбында өткен Орталық Азия әйелдері диалогында айтылды.

Алқалы жиын БҰҰ мен ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен ұйымдастырылған еді. Жиында сөз алған Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов мырзаның айтуынша, бұл кездесу әйелдердің мемлекеттегі әлеуметтік, экономикалық және саяси қызметке қатысуын жан-жақты кеңейтуге ықпал етері анық. Осы орайда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар гендерлік теңдік үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Халықаралық жиында Қазақстанның Орталық Азиядағы әйелдер диалогына төрағалығы басталды. Айта кету керек, Орталық Азия елдері әйелдерінің диалогы — өңірдегі әйелдер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мен нығайтудың өзекті мәселелерін талқылауға арналған бейресми алаң. Бұл басқосу 2020 жылғы желтоқсанда басталды. Диалогқа 2021 жылы Өзбекстан, 2022 жылы Түркіменстан төрағалық етті. Диалог БҰҰ Орталық Азия үшін превентивті дипломатия өңірлік орталығының, БҰҰ Даму бағдарламасының және БҰҰ Әйелдер ұйымының қолдауымен құрылып, жұмыс істеп келеді.

Астанада өткен алқалы жиынға Қазақстан мен Өзбекстан Парламенті палаталарының спикерлері, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркіменстан депутаттары, мемлекеттік органдардың басшылары, сондай-ақ, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың, дипломатиялық корпусының өкілдері қатысты. Жиында Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімова, ҚР Президенті Әкімшілігі басшысының орынбасары, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрайымы Аида Балаева, БҰҰ Бас хатшысының көмекшісі Мирослав Енча сөз сөйледі.

Аида Балаева өз сөзінде әйелдер бизнес қауымдастығын, академиялық және ғылыми орталарды, үкіметтік емес және азаматтық секторларды біріктіре алатын Орталық Азия өңірі елдерінің белсенді әйелдерінің күш-жігерін біріктіруге назар аударды. Осы орайда ол «Осы платформаны және оның қатысушыларының белсенді әлеуетін ескере отырып, біз әйелдердің, отбасыларымыздың әсіресе, жаһандық және өңірлік сын-қатерлер жағдайындағы өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ортақ мәселелерді бірлесіп шеше аламыз», — деп атап өтті.

Жалпы, еліміз бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әйелдердің ролі жөніндегі мәселелерде тәжірибе алмасу аясын кеңейтуді

көздеп отыр. Қазіргі уақытта Батыс Сахарадағы БҰҰ миссиясына қазақстандық 6 әскери бақылаушы қатысып жатыр. Сарбаздардың біреуі — әйел. Жалпы Қазақстан Қарулы күштерінің БҰҰ бітімгершілік миссиясына қатысуын кеңейту жөніндегі Жол картасында әйел әскери қызметшілерді даярлау туралы тармақ бар. Сессия қорытындысы бойынша Орталық Азия елдері әйелдері диалогының 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары қабылданды. Оған Алматыда «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» атты халықаралық конференция өткізу мәселесі де енгізілді.

«Әйелдердің қатысуымен инновациялар мен технологияларды дамыту саласындағы озық тәжірибелер» атты тақырыптық сессияда жаңа технологияларды дамытудағы әйелдердің ролін көрсететін табысты инновациялық жобалар таныстырылды. Сессия барысында қатысушылар әйелдер стартаптарын, жасанды интеллект, ауылдық жерде цифрландыруды дамытуға бағытталған цифрлық жобаларды талқылады. Сонымен қатар, отбасы мен қоғамның, әйелдер кәсіпкерлігінің, кәсіптік-техникалық білім беру мен жұмыспен қамтудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған әзірлемелерді қарастырды.

Диалогқа қатысушылар әйелдер бетпе-бет келетін құрылымдық және экономикалық мәселелерге де назар аударды. БҰҰ Әйелдер өңірлік офисінің мәліметі бойынша, Еуропа мен Орталық Азия аумағында 60 миллионнан астам әйел мобильді интернетке қол жеткізе алмай отыр. Сондықтан ер азаматтарға қарағанда оқу мен экономикалық даму мүмкіндігін жиі пайдалана алмайды.

Нақты және жаратылыстану ғылымдарындағы гендерлік теңсіздік орта мектепте басталып, жоғары сыныпта нығаяды, жоғары оқу орнында қарқын алып, еңбек нарығына дейін жалғасады. Нәтижесінде, әйелдер техникалық және технологиялық инновацияларды жасауға жауапты салаларда салыстырмалы түрде жеткіліксіз қамтылған. Ал, сарапшылардың пікірінше, заманауи цифрлық трансформация әйелдердің экономикалық және әлеуметтік құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады әрі Орталық Азияның барлық мемлекеті жариялаған гендерлік теңдікті арттыру мақсатына пайдаланылады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

ИГІ ІС

ҚОЛЫ АШЫҚТЫҢ - ЖОЛЫ АШЫҚ

Әлемдегі ең бай адамдардың күн сайынғы көтерілуі мен құлдырауын бақылайтын Forbes журналы ұсынған миллиардерлер рейтингінде алғашқы мыңдыққа Орталық Азия елдерінен тек Қазақстан ғана кіріп отыр. Ал аймақтағы өзге көршілер арасынан Қытай мен Ресей бар. Қазақстандық миллиардерлерден Владимир Ким 606 (4,6 млрд), Тимур Құлыбаев пен Динара Құлыбаева 620 (әрқайсында 4,5 млрд), Вячеслав Ким 462 (3,8 млрд), Тимур Тұрлов (3,6 млрд) 823-орыннан табылды. Табыс көзі В.Кимде — тау-кен, Құлыбаевтарда — банк ісі, В.Кимде — Fintech, Т.Тұрловта — биржалық делдалдықтан түскен. Миллиардерлер саны жағынан қара үзіп тұрған көршілерімізден тек жүздіктің өзінде Қытайдан — 10, Ресейден — 7 адам бар.

«Қолы ашықтың — жолы ашық» дегендей өзге елдерде миллиардерлер тапқан табысының белгілі бір бөлігін қайырымдылық шарасына жұмсайды. Одан бөлек мыңдаған адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп, мемлекет қазынасына миллиардтап салық төлейді. Мәселен американдық Стивен Джобс негізін қалаған Apple компаниясы айфон үшін бөлшектерді Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Үндістан сияқты әлемнің 31 елінің 1180 жеткізушісінен сатып алады. Өз елінен бөлек, өзге елге де қарасқан Джобстың өсімі көзі тірісінде ғана емес, қайтыс болғаннан кейін де ұлықталып, ескерткіш қойылған. 2011 жылы қайтыс болған Стивен Джобстың байлығы Forbes 7 миллиард доллар деп бағалаған. АҚШ-тағы ең ауқатты 400 адамның ішінде 39-орын алған оның ескерткіші 2011 жылы Венгрияның Будапешт, 2012 жылы Украинаның Одесса қаласында ашылды.

«Жақсы адам — елдің ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар» дейді біздің қазақ. Алайда Владимир Ким, Тимур Құлыбаев, Динара Құлыбаева, Вячеслав Кимдердің есімдерінен өзге тұрмақ, өз елімізде қазіргі өзінде ешкім мақтанбайды. Өйткені, әрқайсысы бір емес, миллиондаған тұрғынның тұрмыс жағдайын жақсартуға қауқары бар бұл миллионерлер қайырымдылық жасаумен көзге түспеген. Олар табысын елде емес, шетелде жұмсап, сонда сақтағанды жөн санады. Сол себепті келгеніне сүйінбегендер, кеткеніне де күйінбейді.

Жалпы, қазақтың бұрынғы байы мен орыстың «боғатыйының» айырмасы жер мен көктей екенін шетелдіктер әлдеқашан мойындаған. Оны бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Мәселен, 2 ғасыр бұрын орыс генералы Семён Броневский «Қазақтың байлары орыстың «боғатый» сөзінің баламасы емес, қазақтың байы — ақыл-ойы, рухани жағынан барынша жетіліп, нағыз кемеліне келген адам. Соны ғана қазақ халқы бай дейді. Ал жай ғана материалдық құндылықтарды жинаған адамды қазақ ешқашан бай деп мойындамаған», — деген екен. Яғни, біздің қазіргі миллиардерлердің бойынан ұлт ұғымындағы тектілік белгісі көрінбей, байқалмай жатса оған таңданудың қажеті жоқ. Ондайларды халық бүгін бар, ертең жоқ болатын сасық байлар деген.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, судьяларды әдеттен тыс техникалық жұмыстардан босатуға арналған Судья көмекшісі институты толық жүзеге асырылғанын айта кеткен жөн. Сот төрелігі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту назар аударуды талап етеді, бұл тиімді құқықтық реттеуге, шешімдердің өзара мойындалуына және орындалуына ықпал етеді.

– Павлодар облыстық сотының материалдық-техникалық жағдайы, жұмыс нәтижесі қалай?

– Биылғы жылдың 5 айында Павлодар облысының соттары барлық мамандану бойынша 21 365 іс қарады. Жалпы, облыс соттарындағы істердің қазіргі жағдайы қанағаттанарлық деп бағалануда. Материалдық және іс жүргізу құқығының нормалары өз деңгейінде және дұрыс қолданылады, соттар анықталған бұзушылықтарға кінәлілерді жауапкершілікке тарту туралы жеке ұйғарымдар шығару арқылы әрекет етеді.

Дөңгелек үстелдер, конференциялар мен семинарлар айтарлықтай өткізіледі. ҚР Жоғарғы Сотының

кіндігі болып табылады. 2022 жылдың басында Азаматтық процестік кодексіне сотқа дейінгі хаттама бойынша түзетулер қолданысқа енгізілді.

АПК-нің 73-бабы 1-бөлігіне сәйкес, тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде өз дәлелдемелерін ұсынады. Онда тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасап және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Тәжірибе көрсеткендей, сотқа дейінгі хаттаманы дайындау тараптарға азаматтық істі қозғамас бұрын дәлелдемелермен алмасуға, сол арқылы даудың күтілетін нәтижесін бол-



Бақытжан ҚАРАМАНОВ, Павлодар облыстық сотының төрағасы:

– Сот – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру органы. Әрбір судьяның жұмысы, істің санатына қарамастан, қарауға ұсынылған материалдарды мұқият зерделегенге, құқықтық жағдайды дұрыс бағалауға және азаматтар мен ұйымдардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру мақсатында тиісті заңнамалық нормаларды қолдануға негізделгенге. Бұл процесс өте көлемді және күрделі. Мысалы, қылмыстық істер бойынша материалдардың көлемі бірнеше ондаған, жүздеген томға жетуі мүмкін, сот тергеуіндегі айғақтар қайшы келуі мүмкін. Сот осы айғақтарды бір-бірімен, сондай-ақ, жазбаша және заттай дәлелдемелермен салыстыра отырып, қайшылықтарға тиісті құқықтық баға беруге міндетті.

өзгеріссіз қалып жатады. Жалпы, шешімді терістеудің қиындығы неде? Сіздерде шешімді терістеу статистикасы бар ма? Оған мысал айта аласыз ба?

– Шешімдерді жою немесе өзгерту қиын емес. Заң шығарушы сот актісін жоюға немесе өзгертуге болатын негіздердің нақты тізбесін берді. Бұл материалдық немесе іс жүргізу құқығын бұзу немесе дұрыс қолданбау; бірінші сатыдағы сот қорытындыларының істің мән-жайына сәйкес келмеуі; сот белгілеген іс үшін маңызы бар мән-жайларды дәлелдемеу және т.б. (ҚР АЖК-нің 427-бабы). Ал егер бұған заңды негіздер болса, сәйкесінше сот шешімі жойылады немесе өзгертіледі.

Соңғы жылдары Жоғарғы Сот бірінші сатыдағы соттардың жүктемесін азайту бағытында біршама жұмыс атқарды. Даусыз істер нотариустарға түсті, бірқатар даулар медиаторлар арқылы соттан тыс шешілуде. Тиісінше, судьяның күрделі, даулы талаптарды мұқият зерделеуіне мүмкіндік туды. Осылайша сот төрелігін жүзеге асыру сапасы мен сот актілері айтарлықтай жақсарды. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұзылған құқықтарын қал-

«СОТ - ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРГАНЫ»

«Түнгі сот», «Соттағы татуластыру рәсімдері», «Отбасылық сот», «Виртуалды сот» сынды пилоттық жобалары облыста алғашқылардың бірі болып қолға алынып, тиімділігін көрсетті.

Сот төрелігін жүзеге асыру сапасы бойынша Павлодар облысының соттары республикада үздік орындардың бірін алады, әрі облыстағы сот жүйесінің кадрлары республикада жоғары бағаланатынын ауыз толтырып айтуға болады.

– Сіздердегі кадрлық іріктеулер қалай жүзеге асады? Сот ардагерлерінің қазіргі ахуалы қалай? Олардың көп жылдық практикасы қазіргі жастарды тәрбиелеу, біліктілігін арттыру ісінде қолданыла ма?

– Судьялардың қоғамдық мәртебесіне, судьяларды таңдау мен орналастыруға, судьялық кандидаттарды демократиялық және ашық түрде іріктеуге қатысты ескірген көзқарасты түбегейлі қайта қарау білікті судьялар шоғырын қалыптастыруға оң әсерін тигізді. Сот саласының ардагерлері тәлімгерлік қызметке белсене қатысады, жас судьяларға қарым-қатынас және диалог дағдыларын үйрету сабақтарын өткізеді, сондай-ақ, сот жұмысының дағдыларын меңгеруде практикалық көмек көрсетеді.

– Сотқа дейінгі хаттама, сотқа дейінгі татуласу процестерінің үлесі облыстық сотта қай деңгейде?

– Сотқа дейінгі хаттама – дауды сотқа дейін шешудің қосымша мүм-

жауға мүмкіндік береді. Тиісінше, тараптар өздерінің шығындарын, уақытын және моральдық шығындарын барынша азайтуға, жанжалды болдырмауға, достық қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік алады.

Мәселен, 2023 жылдың 5 айында Павлодар облысының татуластырушы судьяларына 7 963 талап қою берілді (талап қою тәртібімен), оның ішінде:

– ҚР АПК 152-бабы 1-бөлігінің 9) тармағы бойынша 226 талап қою қайтарылды;

– іс бойынша іс жүргізуді тоқтатумен (ҚР АПК 277-бабының 4), 5), 6)-тармақтары бойынша – 1 480 іс (татуласу – 59, медиация келісімі – 1413, партисипативтік рәсім – 8) қаралды;

– облыс соттарының мәліметінше, талап қою бойынша 1186 (29 мамырдағы жағдай) татуласу тіркелді, оның ішінде 982 талап қою бойынша сотқа дейінгі хаттамамен қол қойылған. Осылайша, көрсетілген кезеңдегі татуластыру пайызы 46,4% құрайды.

– Қазіргі таңда ел өміріндегі саяси мәселелердің өзектілігі артты. Қоғамда әртүрлі резонансты, күрделі сот процестері жүріп жатыр. Осындай таласты, ауыр істерде судьялар қаншалықты әділетті, тәуелсіз көзқарасты ұстана алып жүр?

– Осы сұраққа жауап бере отырып, мемлекеттік, жеке немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияға қатысты істерді қоспағанда, барлық соттарда сот істерін қарау ашық

және жария түрде жүргізілетінін атап өткен жөн. Демек, сот процестерінің барысы мен нәтижелері туралы сот ақпараты өз пікірі мен бағасын айтуға құқығы бар жұртшылыққа қолжетімді.

Бірақ судьяның шешіміне ықпал ету мақсатында жазбалар жариялау, менің ойымша, жазалануы керек. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңында соттың сот төрелігін жүзеге асырудағы

Сот істері күрделі болғандықтан, дәлелдемелердің көптігінен кейде сот тәжірибесінде қателіктер орын алады. Бұл қателер, әдетте, дәлелдемелерді дұрыс бағаламауға, істің барлық мән-жайын зерделеудің толық еместігіне байланысты. Қателерді заңда белгіленген тәртіппен сот актісін өзгертуге немесе жоюға және басқа шешім шығаруға құқығы бар жоғары тұрған соттар түзетеді.

Сот қателігі – дәлелдемелерді бағалаудағы, материалдық және

пына келтіріп, дереу дұрыс шешім қабылдау үшін облыстық соттарда сот тәжірибесін жалпылау жұмысы жүргізілуде. Өңірлік оқу орталығы тұрақты негізде семинар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізеді.

– Павлодардағы мемлекеттік тіл мәселесі қалай? Іс құжаттары қазақшаланды ма?

– Мемлекеттік тілде оған теңестірілген соттардың өндірісіне түскен мемлекеттік тілдегі азаматтық, қылмыстық, әкімшілік істерді жан-жақты зерделеу қарау жалғасын табуда. Іс құжаттары іске қатысушылардың ұсыныс талаптарын ескеріп, мемлекеттік тілде де, қажет болған жағдайда ұлтаралық қарым-қатынас тілге де аударылады.

Сот өндірісіндегі іс жүргізуге қатысатын адамдарға, істің олар үшін қажет болған жағдайда, басқа тілде жазылған барлық материалдарын сот ісін жүргізу тіліне аудару тегін сотпен қамтамасыз етіледі. Біздің әріптестеріміз мемлекеттік тілде іс жүргізуді жетік меңгергенін атап өткен жөн.

Павлодар облыстық сотының тарапынан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде әртүрлі тиісті, мәдени іс-шаралар, семинарлар судьялар мен мамандар арасында жиі өткізіліп тұрады. Мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесі қандастар шоғырланған аудандарда жоғары.

– Ой бөліскеніңізге рақмет.

Шолпан ҚАРАЕВА,
«Заң газеті»

Соттардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін арттыру қажет, өйткені көптеген соттар ескірген кеңсе техникасын, тозаң жинағы пайдаланады. Сондай-ақ, онлайн режимінде процестерді немесе дөңгелек үстелдерді өткізуге арналған жағдайлар жоқ. Сонымен қатар, әлеуметтік қамсыздандыру шаралары толық орындалмаған, мысалы: соттардың нақты елханаларға бекіту және медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету; судьялар мен олардың отбасы мүшелерін шынайылық-курорттық емделуге жіберу; белгіленген лимитпен асыптан еңбекке жарамсыздық парағын төлеу мәселесі реттелсе нұр үстіне нұр.

қызметіне кез келген араласуға жол берілмейтін және мұндай әрекеттің соңы жауапкершілікке әкеп соғатыны белгіленген. Қоғам және сотқа жүгінген әрбір адам, судьяға және оның шығаратын шешіміне және т.б., сыртқы әсердің жоқтығына сенімді болуы керек деп есептеймін. Бұл – сотқа деген сенімнің негізі, мемлекеттегі тұрақтылық критерийі.

– Жеке судьялар тарапынан орын алатын қателіктер бола ма, болса қандай сипатта?

іс жүргізу құқығының нормаларын қолданудағы қате салдарынан іс бойынша ақиқаттың анықталмауына, іс бойынша теріс салдарға әкеп соққан анықталмаған тергеу қателігі – негізсіз соттауға немесе негізсіз ақтауға алып келеді. Облыстық соттардың тәжірибесінде соңғы 2-3 жылда бірінші сатыдағы соттың айғақ беретін барлық дәлелдемелерді талдамауы салдарынан негізсіз соттау дерегі орын алған жоқ.

– Апелляциялық сот процестерінің басым бөлігінде шешім

БАЗЫНА

Судьяның барлық жұмысы халықтың көз алдында өтеді. Сондықтан да төрелік егер тұлғаның білімінің теңдігіне ғана емес, оның сот процесінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне, сөйлеу өнеріне, тіл байлығына, адамдарды тыңдай білуіне, эмоциясын теңгерімде ұстауына да жіті көңіл бөлінеді.

Сот отырысында екі тараптың арасындағы дау таразы басына салынатындықтан, бір тарапқа жиі сауал қою, жылы қабақ таныуды, сөзін мақұлдауды келесі тарап іш тарту, жақтасу деп түсінуі мүмкін. Тіпті, дауыстың бірде қатты, енді бірде бәсең шығуынан да астар іздейтін адамдар болады. Сондықтан судья барлық жағынан ұстамды болып, сот саласына көлеңке түпейтіндей әрекет етуі керек. Яғни, судья өзінің әрбір айтқан сөзі, әрбір жасаған қадамы тәуелсіздіктің 24 сағатында ел назарында тұратынын түсінуі шарт.

Судья болуға шешім қабылдаған азаматтар сот жұмысының жауаптылығымен қоса, қиындығын, күрделілігін түсіне отырып нақты шешім қабылдайды. Көптеген сынақтан өтіп, осы салада қызмет етуге бел буған, су-

СУДЬЯЛАРДЫҢ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ҚАЛАЙ КӨТЕРЕМІЗ?

дья болуға бекінген жанның ортақ талапты сақтауына тура келеді. Өйткені, бір судьяның біліксіздігі бүкіл сот құрылымының жылдар бойы жинаған беделіне нұқсан келтіреді. Сондықтан, әрбір қазы Судья әдеби кодексында дәйектелген қағиданы күнделікті жұмысында басшылыққа алуға тиіс. Әдеп кодексі – судья қызметінің айнасы дейтініміз осыдан.

Әрине, бүгінгідей ақпараттық заманда судьяның өзі ғана емес, жақындарының да жиі сын садағына ілінетінін байқап жүрміз. Бұл елдегі әділдік пен тазалыққа төреші болып отырған қазы да, оның отбасы мүшелері де жоғары моральдық келбетке сай болуы керек. Судьяны сөйлейтін заң ретінде қабылдайтын жандардың санасында осындай пікір орныққан. Әрі мұндай талаптың жоғарылығы мемлекет атынан билік етіп, үкім шығаратын сот органының абырой, беделімен байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Судьялардың үстінен жазылған арыз-шағымдарды сараптап, талдап, уақытылы мониторинг жасап отыру маңызды. Өйткені, арыз-шағымдарды сараптай отырып судьялар-

дың қандай қателікке көп жол беретінін, азаматтардың судьялардан қандай қасиетті көргісі келетінін аңғаруға болады.

Осыны түсінгендіктен сот жюри жыл сайын тәртіптік кеңесте қаралған арыз-шағымдарды қорытындылап, нәтижесін сот ұжымына ұсынып отыруды дәстүрге айналдырған.

Осы қорытындылардан байқалғандай, арыздардың басым бөлігі заңды дұрыс қолданбаған, қателікке жол берген судьяларға қатысты жазылған. Әрине, қателескен су-

дьяның тәртіптік жауапкершілікке тартылатыны шүбәсіз. Дегенмен, жыл сайын осы қателіктер тексеріліп, өзге судьялар мұндай олқылыққа жол бермес үшін біліктілікті көтеру дәрістері, тәжірибені жетілдіру семинарлары тұрақты өткізіліп тұратынын айта кетуіміз керек. Бір судьяның қатесін көрсетіп, тәртіптік жауапкершілікке тартылғанын әшкерелеу арқылы басқа судьяларды теріс әрекеттен сақтауға болады. Бұл әлдеқашан делелденген. Сондай-ақ, процесс барысында әдептілік нормаларын сақтамаған судьялар да сын тезіне түскен. Олардың да кемшілігі жария түрде көрсетіліп, басқаларға сабақ болу үшін қателіктер талқыланады.

Жалпы, ашықтықтың, кемшілікті әріптестер арасында талқылаудың пайдасы зор. Судьялардың тәртіптік жауаптылығын арттыруда білімді жетілдірумен бірге, әдеп нормаларын еске салып отыру артықтық етпейді.



Исағали ТҰҢҒЫШБАЕВ, Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

Жария шарт ақылы автомобиль жолдары (учаскелері) бойынша жол жүргені үшін қызметтер көрсету

Астана қ. 20__ жыл «__» «__»

Осы жария шарт (бұдан әрі-Шарт) «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы 2013 жылғы 30 мамырдағы №9/27 шарт бойынша сенімгерлік басқарушы ретінде көрсететін Республикалық маңызы бар жалғыз ортақ пайдаланылатын ақылы автомобиль жолдары (учаскелері) және онымен байланысты өзге де қызметтер бойынша жол жүру талаптарын айқындайды, оның атынан «Ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы жұмыс істейді (бұдан әрі – Оператор) деп аталатын, онда айқындалған талаптарға сәйкес осы Шарттың талаптарына қосылған тұлғаға (бұдан әрі – Пайдаланушы) деп аталады.

1. Негізгі ұғымдар мен анықтамалар

1) ақылы қозғалысты ұйымдастырушы – автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор – «ақылы автомобиль жолдары дирекциясы» филиалы атынан «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

2) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі;

3) оператордың өкілі – оператор қызмет көрсетуге байланысты мәселелер бойынша оның мүдделерін білдіруге уәкілеттік берген тұлға;

4) ақылы автомобиль жолдарын пайдаланушылар – жол жүрісіне қатысушылар болып табылатын немесе автомобиль жолдары мен жол бойындағы жолақтар бөлінген жолақ шегінде өзге де қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

5) ақылы автомобиль жолдары (учаскелер) (бұдан әрі – Ақылы учаскелер) – өздеріне қатысты оларды ақылы негізде пайдалану туралы шешім қабылданған және олар бойынша ақы алынатын жол жүру үшін автомобиль жолдары (учаскелері);

6) жол ақысын алудың бағдарламалық-аппараттық кешені (бұдан әрі – БАҚ) – жол ақысын алуға арналған жабдықтардың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және автомобиль жолының элементтерінің жиынтығы;

7) автокөлік құралдарын сәйкестендіруге, сондай-ақ пайдаланушылардан төлемнің әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, ақы алу процесін бақылауға және ұйымдастыруға мүмкіндік беретін техникалық құрылғылармен жабдықталған өткізу пункті (бұдан әрі – ААЖ);

8) жария шарт – екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтық қатынастарды белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімі. Жария шарт оператордың ресми сайтында электрондық нысанда жасалады law.kaztol.kz, оған ұйымның бірінші басшысынан төмен емес электрондық-цифрлық қолтаңба – кілтпен қол қойылады. Жария шарттың бекітілген үлгілік нысаны оператордың ресми сайтында орналастырылған www.qaj.kz «Автокөлік жүргізушілері» бөлімінде.

9) қызмет – оператордың ақылы учаскенің барлық ұзындығында автокөлік құралының жоғары, қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын, сондай-ақ техникалық құрылғылардың қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалана отырып, ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысын алу жөніндегі оператордың іс-қимылын қамтамасыз ете отырып, жол жүрудің жоғары сапасын ұйымдастыруы;

10) электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ-кілт) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнын өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

11) ақылы автомобиль жолымен (учаскесімен) жол жүргені үшін ақы алу Ережесі – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ақылы учаскелер бойынша жол жүргені үшін ақы алу тәртібін регламенттейтін нормативтік-құқықтық акт. Осы Ереже Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің порталында жарияланды https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500011128;

12) бақылау арқасы – автокөлік құралдарын тіркеу, сәйкестендіру, сондай-ақ олардың салмақтық және габариттік өлшемдерін өлшеу үшін техникалық құралдар кешінен жаракаттан дырылған ақылы учаскелерде орналасқан инфрақұрылымдық құрылыс;

13) ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысының мөлшерлемесі (бұдан әрі – Мөлшерлеме) – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес автомобиль жолдары салысындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жол жүру ақысының мөлшері. Мөлшерлемелерді бекіту туралы бұйрықтар Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің порталында жарияланды https://adilet.zan.kz;

14) аймақ-жүк көтергіштігі мен автокөлік құралының типіне байланысты өзінің ұзақтығы мен жол ақысының белгілі бір мөлшерлемесі бар ақылы учаскенің жол сегменті;

15) алдын ала төлем – пайдаланушы ақылы учаскеге кіргенге дейін автокөлік құралының дербес шотына немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептеген ақшалай қаражат, жол ақысын төлеу үшін жеткілікті сома;

15-1) кейінгі төлем – ақылы учаскелерде белгіленген техникалық құралдармен бекітілгеннен кейін пайда болған жол жүру сомасын төлеу үшін автокөлік құралының дербес шотына немесе мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің шотына есептелген ақшалай қаражат;

15-2) «SMS» бойынша төлем (бұдан әрі – SMS-төлем) – пайдаланушы ұялы оператор пайдаланушыға берген абоненттік нөмірден балансты одан әрі есептен шығара отырып, қысқа хабарламалар сервисі арқылы жүзеге асыратын ақылы учаскелерде жол жүруге қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервисі (бұдан әрі-Абоненттік нөмір);

15-3) «QR-код» бойынша төлем (бұдан әрі – QR-код) – пайдаланушының банктік картасына байланған мобильді қосымша арқылы не абоненттік нөмірден балансты есептен шығару арқылы пайдаланушы жүзеге асыратын ақылы учаскелерде жол жүрудің қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервисі.

16) төлем жүйелерінің операторлары – төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР заңында белгіленген осындай қызметке қатысты міндеттерді орындайтын заңды тұлғалар;

17) тоқтасуыс өтудің ААК жолағы – абоненттік төлем немесе алдын ала төлем енгізген, ақылы учаскелерден ақы алу пункті арқылы пайдаланушылар үшін шығу жолағы. Ақы алу пунктінің жолағы бар болған жағдайда, тоқтасуыс өтудің айрықша белгілері, жол белгілерімен тиісті белгіленуі және жасыл түспен белгіленуі болады;

18) абоненттік төлем – егер қызметтің мөлшерлемесінде белгіленбесе, пайдаланушының нақты пайдалануына қызмет көлеміне тәуелді емес тұрақты шама болып табылатын белгілі бір кезең үшін төлем мөлшері;

19) дербес шот – оператор көрсеткен қызметтердің көлемін, жасалған шарт шеңберінде енгізілген ақшалай қаражаттың түсуі мен жұмсалуын есепке алу үшін пайдаланушыға бекітілген жол жүру ақысын алудың бағдарламалық-аппараттық кешеніндегі есепке алу шоты;

20) МТНБ – автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі, уәкілетті мемлекеттік орган механикалық автокөлік құралына беретін жеке әріптік-цифрлық белгілі бір бұйым.

21) МТНБ шоты – автокөлік құралына бекітілген жол жүру ақысын алудың бағдарламалық-аппараттық кешеніндегі пайдаланушының шоты. Шоттың идентификаторы автокөлік құралының МТНБ болып табылады;

22) дұрыс есептелмеген транзакция – бақылау арқалары БАК-та дұрыс сәйкестендірілмеген МТНБ-ға есептеген транзакция;

23) маршруттық карта – пайдаланушы мобильді қосымша арқылы айқындаған төлем сомасын есептей отырып, ақылы учаске бойынша қозғалыс бағыты.

24) терминал – пайдаланушыдан ақылы учаскелер бойынша жол жүргені үшін ақы алуға арналған техникалық құралдармен жабдықталған, ол болған кезде ақы алу пунктіде орналасқан бағдарламалық-аппараттық кешенің құрылғысы;

25) radio Frequency identification затбелгі – автокөлік құралын және оның МТНБ қосымша бірдейлендіру үшін пайдаланылатын, ашылған немесе жойылған кезде өзін-өзі жою функциясы бар, кіріктірілген қоректендірусіз пакетке енгізілген жеке нөмірі бар, радиожөлімділік сәйкестендірудің электрондық құрылғысы (бұдан әрі-RFID-белгі) оқу құрылғысына түскен кезде таңалады;

26) жол-көлік оқиғасы (бұдан әрі – ЖКО) көлік құралының ақылы учаске бойынша жүру процесінде және оның қатысуымен туындаған, ЖКО салдарынан денсаулыққа зиян келтіруге, адамның өліміне, көлік құралының зақымдалуына, оператордың мүлкіне материалдық залал келтіруге әкеп соққан оқиға.

27) ЖКО актісі – пайдаланушының көлік құралының қа-

тысуымен ақылы учаскеде ЖКО салдарынан туындаған оқиға көрсетілген құжат;

28) жол ақысы төленбегені үшін туралы акт – ақылы учаске бойынша пайдаланушының ақы төлемей жол жүру фактісі туралы куәландыратын құжат, ол болған кезде оператордың ААП өкілі қалыптастырады, оның бір данасы пайдаланушыға беріледі;

28-1) өтініш – пайдаланушының операторға жазбаша немесе электрондық нысанда жүгінуі, сондай-ақ операторға қызмет көрсетудің автоматты жүйелері арқылы жүгінуі;

29) жол ақысын уақытлы төлемеу – ұйымдастырушы белгілеген мерзімде есептен шығару сәтінде ақылы учаске бойынша жол ақысын төлеу үшін автокөлік құралының дербес шотында немесе МТНБ шотында ақша қаражатының болмауы немесе жеткіліксіз болуы;

29-1) қысқа мәтіндік хабарлама (SMS, USSD) – оператордың және мобилді құрылғының техникалық мүмкіндіктері рұқсат ететін белгілі бір ретпен және көлемде терілген әріптерден және (немесе) сандардан және(немесе) рәсімдерден тұратын, оның ішінде SMS, USSD, IVR арқылы, автоматты жүйе арқылы жіберілетін Ақпараттық хабарлама қызмет көрсету немесе электрондық пошта.

30) байланыс орталығы – ұйымдастырушының дауыстық байланыс арналары, электрондық немесе почта қызметтері арқылы пайдаланушылардан өтініштерді өңдеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ 1403 нөмірі бойынша онлайн-чат режимінде пайдаланушылардың өтініштерін жұмыстың жүзеге асырытын құрылымдық бөлімшесі;

31) жеке кабинет – пайдаланушыларды оператордың интернет-ресурсында немесе мобилді қосымшада дербес бөлімде тіркеуге, автокөлік құралының дербес шотында немесе МТНБ шотында ақша қаражатының қозғалысы туралы ақпарат алуға, сондай-ақ шоттарды толықтыруға, ақылы учаскелерде автокөлік құралының қозғалысы туралы өзге де ақпарат алуға арналған графикалық интерфейсін бар пайдалануға арналған;

32) Оператордың сайты – интернет желісіндегі жүйе Оператордың электрондық ақпараттық ресурсы: www.QAJ.kz;

33) мобилді қосымша – (QAJ Mobile) – смартфондарда және басқа да мобилді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету.

2. Шарттың мәні

2.1. Оператор қызмет көрсетеді, ал Пайдаланушы осы Шартта көзделген тәртіптен оператор көрсететін қызметке ақы алу қағидалары мен мөлшерлемелеріне сәйкес ақы төлейді.

2.2. Осы Шарт жария болып табылады, оның талаптары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес әзірленген және Оператор дербес белгілейді. Шарттың талаптарын пайдаланушы ақылы учаскеге кіру сәтінде оған тұтастай қосылу жолымен қабылдайды.

2.3. Пайдаланушы автокөлік құралдарының тізбесін БАК-қа дербес енгізеді және толықтырады.

2.4. Қызметтер туралы ақпарат оператордың ресми сайтында орналастырылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған кез келген құралдармен және тәсілдермен пайдаланушының назарына жеткізілуі мүмкін.

3. Қызметтердің құны және ақылы учаскелер бойынша жол ақысын төлеу тәсілдері

3.1. Қызметтің құны ақылы учаскенің аймақтары бойынша, сондай-ақ автокөлік құралының жүк көтергіштігіне және мөлшерлемеге сәйкес автокөлік құралының түріне сәйкес жол жүру құнынан тұрады. Ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі.

3.2. Пайдаланушы жол ақысын келесі тәсілдермен төлейді:

3.2.1) төлем жүйелерінің көмегімен алдын ала төлеу бойынша;

3.2.2) кейінгі төлем;

3.2.3) төлем алу пунктіндегі төлем, ол болған кезде.

3.3. Жол ақысын төлеудің қосымша тәсілдері:

3.3.1) ақылы учаскелер бойынша жол жүру ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық төлемнің қосымша сервисін пайдалану арқылы төлеу SMS-төлем. SMS арқылы төлеу нұсқаулығы – төлем оператордың сайтында орналастырылған.

3.3.2) QR-код бойынша жол ақысын қолма-қол ақшасыз электрондық төлеудің қосымша сервисін пайдалану арқылы ақылы учаскелер бойынша жол ақысын төлеу. QR-код арқылы төлеу нұсқаулығы оператордың сайтында орналастырылған.

3.4. Оператор пайдаланушыларға (заңды тұлғалар) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде электрондық шот-фактураны жазып береді. Шот-фактураны (орындалған жұмыстар актісін) оператор жол жүру туралы БАК-тың деректері негізінде жазып береді.

4. RFID белгісі

4.1. RFID белгісі мобилді қосымша немесе оператордың ресми сайты арқылы пайдаланушының жеке кабинетінде оның бірегей нөмірін енгізу арқылы тіркеледі. Тіркеу фактісін RFID тегінің идентификаторын МТНБ-ға бекіту болып табылады.

4.2. Оператор немесе оператор уәкілеттік берген тұлға клиенттермен жұмыс орталықтарында немесе ААП-да пайдаланушының көлік құралына RFID-белгісін орнатады.

4.3. RFID белгісін пайдаланушы сатып алады және автокөлік құралына атермалды немесе металдандырылған жабыны жоқ аймақта көлденеңнен орналастырады.

4.4. RFID белгісі бүлінген немесе оны пайдалану барысында автокөлік құралының МТНБ өзгерген жағдайда, пайдаланушы жаңа RFID-белгісін сатып алып, оның бірегей нөмірін жеке кабинетте тіркеуі қажет.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Оператордың құқығы бар:

5.1.1 «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес деректерді жинауды, өңдеуді, сақтауды, пайдалануды және таратуды жүзеге асыру;

5.1.2 сәйкестендіруші техникалық құрылғылардың көмегімен автокөлік құралдарының ақылы учаскесіне кіру және шығу фактісін тіркеп, нақты жол жүру сомасын есептенді;

5.1.3 дербес шоты және/немесе МТНБ шотын пайдаланушы оператордың есеп айырысу шотына енгізген ақшалай қаражатпен толтыру;

5.1.4 дербес шоттың нөмірі пайдаланушыға шарт жасасқаннан кейін беріледі, бұл шот пайдаланушы оператордың есеп айырысу шотына ақша қаражатын салғаннан кейін белсенді болады;

5.1.5 ақылы учаскелерді пайдаланатын пайдаланушылардың автокөлік құралдарын сәйкестендіру үшін әртүрлі тәсілдер мен техникалық құралдарды қолдану;

5.1.6 егер пайдаланушы Қағидалардың және осы Шарттың белгіленген талаптарын сақтаудан бас тартқан жағдайда, ақылы учаскеде ААП болған кезде тосқауыл немесе/немесе шлагбаум көмегімен ААП-дағы қозғалысты бұғаттау.

Егер пайдаланушы себебіне қарамастан (қолма-қол ақша қаражатының болмауы, банк картасының ақауы және т. б.) ақылы учаскеден шығу кезінде төлемді жүзеге асырмаған жағдайда, пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін, пайдаланушының деректерін сәйкестендіру үшін автокөлік құралын тіркеу туралы куәлікті талап етуге және осындай пайдаланушыға қатысты пайдаланушының жоқ екендігі туралы акт жасауға жол ақысы осы Шартқа № 1 қосымша.

5.1.7 ақылы учаскелерде БАК техникалық ақаулары туындаған кезде жол жүру үшін барлық есептеулерді сақтай отырып, автокөлік құралдарының еркін өтуі үшін шлагбаумдар ашының.

Егер операторда БАК техникалық жұмыстарын жүргізу қажеттілігі туындаса, онда БАК жұмысын пайдаланушының жол ақысы пайдаланушының МТНБ шотын толықтыру болатын соңғы іргелес аймақ үшін ғана ақы алу отырып, жұмыстың авариялық режиміне ауыстырады.

5.1.8 пайдаланушыда МТНБ шотында ақшалай қаражат болған кезде Оператор ақшалай қаражатты берешекті өтеу есебін есептен шығаруға құқылы.

5.1.9 пайдаланушының жол ақысы күнтізбелік жеті күн ішінде төленбеген жағдайда, сегізінші күні Оператор материалдарды «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 628-бабына сәйкес қарау үшін көліктік бақылау органдарына жібереді.

5.1.10 пайдаланушыдан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіптен ақылы учаскелер бойынша жол жүргені үшін берешек сомасын талап етуге;

5.1.11 тиісті ақпаратты бұрақшы ақпарат құралдарында немесе Оператордың сайтында жариялай отырып, осы Шарттың талаптарына, сондай-ақ қызмет көрсету шарттарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге;

5.1.12 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіптен Оператордың қызметіне жапайтын мәселелер бойынша және/немесе пайдаланушы этикалық нормаларды бұзған кезде телефон байланысы арқылы пайдаланушының бірнеше рет жүгінуі жол бермеу үшін жүйе операцияна келіп түсетін кіріс қоңырауларды жазуды жүзеге асыру;

5.1.13 Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

5.2. Оператор міндетті:

5.2.1 осы Шарттың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау;

ЖАРНАМА

5.2.2 қолданыстағы заңнаманы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алу.

5.3. Пайдаланушы құқылы:

5.3.1 осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес Оператордың қызметтерін пайдалануға;

5.3.2 пайдаланушының автокөлік құралдарының тізбесі тек бір дербес шотқа енгізілуі мүмкін;

5.3.3 шартқа қол қойылған сәтте басқа дербес шоттың тізбесіне енгізілген пайдаланушының автокөлік құралдары бұрын жасалған шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бастапқы дербес шоттың тізбесінде қалады. Бұрын жасалған шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін пайдаланушының автокөлік құралдары жаңа тізбеге автоматты түрде енгізілетін болады.

5.3.4 МТНБ шотында және/немесе автокөлік құралдарының дербес шотында дебиторлық берешек болмаған жағдайда, пайдаланушыға тіркелмеген дербес шот тізбесінен автокөлік құралдарын дербес алып тастауға;

5.3.5 егер пайдаланушы ережелерді бұзуға қатысты күмән туындаған жағдайда, жол жүру үшін есептелген соманы есептеуді қайта қарау туралы жазбаша өтінішпен операторға жүгінуге;

5.3.6 МТНБ шотында және/немесе пайдаланушының дербес шотында қалған ақша пайдаланушыға белгіленген үлгі бойынша өтініш негізінде қайтарылады №3 қосымша. Пайдаланушы өтінішті жазбаша да, электрондық нысанда да Оператордың көрсетілген Шарттың 5.3 тармағының 5.3.8 тармақшысында мекенжайларына жіберуге құқылы, Оператордың жүйесінде осындай қайтару туралы пайдаланушының жазбаша өтініш тіркелген кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5.3.7 «Автомобиль жолдары туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-2-бабына сәйкес ақылы учаскелер бойынша жеңілдікпен жол жүруге;

5.3.8 арқылы операторға хабарлаушының:

-1403 қысқа телефон нөмірі бойынша байланыс орталығы;

- электрондық пошта drad@qaj.kz, info@qaj.kz,1403@1403.kz;

- оператордың атына жіберілген ресми хат-хабарлар;

- QAJ mobile мобилді қосымшасының ашық желісі;

- сайттағы ашық желі https://qaj.kz

- бот жеделхаттары https://t.me/kazautozholbot.

5.3.9 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға;

5.3.10 қызмет көрсету шарттарымен және мөлшерлемесімен танысу.

5.4 Пайдаланушы міндетті:

5.4.1. автокөлік құралын жылдамдық режимін, сондай-ақ жол қозғалысы ережелерінің талаптарын сақтай отырып басқарыңыз. Бұл ретте қозғалыс қарқындылығын, көлік құралы мен жүктің ерекшеліктері мен жай-күйін, жол және метеорологиялық жағдайларды, атап айтқанда қозғалыс бағытында көрінуді ескере отырып, белгіленген шектеулерден аспауға тиіс;

5.4.2. автокөлік құралының қозғалысы үшін кедергі және (немесе) қауіп туындаған жағдайда, автокөлік құралын тоқтатқанға дейін немесе қозғалыстың басқа қатысушылары үшін қауіпсіз кедергіні айналып өту бойынша жылдамдықты төмендету жөнінде шаралар қабылдау;

5.4.3. операторға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес автокөлік құралдарының габариттері, салмағы және/немесе өстік жүктемелері бойынша рұқсат етілген параметрлерінен асатын автокөлік құралының жүруіне арнайы рұқсат беру;

5.4.4. автокөлік құралдарының тиісті қозғалыс жолағы бойынша белгіленген ақпараттық таблоға сәйкес жол жүру кезінде (ол болған кезде) және жол белгілеріне сәйкес жол жүруді жүзеге асыру;

5.4.5. алда келе жатқан автокөлік құралдарына дейінгі қашықтықты, сондай-ақ белгіленген жол белгілері мен жол төсемінің белгіленуіне сәйкес қозғалыс қауіпсіздігін

МІНДЕТ

2013 жылы 23 маусым «Мемлекеттік қызметшілер күні» боп бекітілген болатын. Сол кезден бастап еліміз осы мерейлі мерекені атап өтіп келеді.

Еліміздің ертеңі – бүгінгі мемлекеттік қызметшілердің парасаты мен ар-ожданына және кәсібилігіне байланысты болғандықтан, елге адал, абыройлы қызмет ету баршамыздың қасиетті борышымыз. Қазіргі таңда, мемлекеттік қызметшінің іс-әрекетіне қоғамдық бақылау күшті. Әсіресе, әлеуметтік желілер қарапайым халық пікірін айтатын ашық алаңға айналып, мемлекеттік қызметшілер тара-

пынан кеткен ерсі қылықтар да осы ортада үнемі талқыға түсетін болды. Осындай сын-ескертпелердің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі қабылданып, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік ұстанымы, әдептілік қағидалары бекітілді. Бұл мемлекеттік қызметшілердің күнделікті қызметінде, халықпен кездесу барысында өзін-өзі ұстау

мен көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, әдеп нормаларына сай келе бермейтін түрлі кемшіліктерге жол бермеуіне негіз қалады.

Әдеп кодексі – халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Мемлекеттік қызметшіге Әдеп кодексін сақтау өте маңызды, себебі, ол тікелей адамдармен жұмыс істейді және әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдармен қарым-қатынас жасайды. Сондықтан, мемлекеттік қызметшінің сыртқы бейнесі, киім-киісі, қимыл әрекеті, сөйлеу мәнері, ой-пікірі, жеке қасиетінің барлығы мәдениеттің үздік үлгісіне айналуы керек.

Халыққа қызмет ету жолында аянбай еңбек еткен әрбір мемлекеттік қызметшінің жауаптылығы жоғары. Елге мінсіз қызмет көрсеткен мамандарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, жұмыстарына абырой, отбасыларына амандық тілейміз!

Бекболат ЖАСҰЛАН,
Түркістан облысы көмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот отырысы хатшысы

ЖАРНАМА

ӨРТҮРЛІ

2. «Ақ Жайық» қаржылық-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ акционерлерінің («Юридическая газета» және «Заң» газеттерінің 2023 жылғы 5 мамырдағы №933 санындағы күн тәртібі бойынша) 9.06.2023 ж. өткен жылдық қайталама жалпы жиналысындағы дауыс беруін қорытындысы туралы хабарлайды.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына 188981 (жүз сексен сегіз мың тоғыз жүз сексен бір) жай акциясы бар 524 акционер қатысты.

Күн тәртібіндегі ұйымдастыру мәселесі бойынша:

1.1 «Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының төрағасын сайлау» бойынша дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

1.2 «Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының хатшысын сайлау» бойынша дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

1.3 «Есептеу комиссиясын сайлау» бойынша есептеу комиссиясының төрағасы А.Ф. Қасачевқа дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

Есептеу комиссиясының мүшесі А.С. Қурмановаға дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

Есептеу комиссиясының мүшесі М.И. Карабалиеваға дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту» бойынша дауыс бергендер: «қолдаймын» – 524 акционер, «қарсы» – жоқ, «қалыс қалған» – жоқ.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Қоғамның 2022 қаржылық жылының жылдық қаржылық есебін бекіту және Қоғамның таза пайдасын бөлу» бойынша дауыс бергендер: «қолдаймын» – 519 акционер, «қарсы» – 4, «қалыс қалған» – 1.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыз-шағымдары және оларды қараудың қорытындысын қарастыру» бойынша Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыз-шағымдар түспеді. Дауыс беру өткізілген жоқ.

18. «Ойыл-Құлпынай» ЖШС, БСН 150240016825, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтөбе обл., Ойыл ауд., Ойыл ауылдық округі, Екпетал ауылы, Жасыл ел көшесі, 6 үй, индекс 030900. Тел.: 87475683471.

19. «Ірс.1» ЖШС, БСН 200440003525, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 25/2 үй, 597 пәтер, индекс 010000. Тел.: 87751397601.

20. «Атырау облысы, Қызылқоға ауданы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110640021998, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Мәншүк Мәметова көшесі, 1 ғимараты. Тел.: 87123821956, 87021066767.

24. Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ-нің таратылатыны туралы хабарлайды, БСН 110540020262. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына заңды мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Денисов ауданы, Денисов селосы, Калинин көшесі, 6 үй. Байланыс телефоны: 8(714)3422056.

25. Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БИН 110640018521), Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағы 1-тармақшасы және 53-бабының 1 тармағына сәйкес, таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарламаны алған сәттен бастап екі ай ішінде БҚО, Бәйтерек ауданы, Переметный ауылы, Гагарин көшесі, 82 Б мекенжайы бойынша қабылданады.

26. «Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110740003577, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жәнібек ауылы Ф.Қараш көшесі, 35. Тел.: 8(71135) 21931.

27. «Павлодар облысы, Аққулы ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110740006650) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Павлодар облысы, Аққулы ауданы, Аққулы ауылы, Амангелді көшесі, 84А үй.

30. «Сарыкөл ауданы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110540020847, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Сарыкөл ауданы, Сарыкөл кенті, Свобода көшесі, 1.

31. «Алға аудандық ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 160640020700, тартуға жататындығын хабарлайды. Барлық талап-шағымдар жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде Ақтөбе облысының «Алға аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мына мекенжайы бойынша қабылданады: Ақтөбе облысы, Алға қаласы, Алға ауданы әкімдігінің ғимараты, 5 шағынаудан, 4 үй, 3 қабат, 316, 318 кабинеттер және мына телефондар арқылы (871337) 421-59, 417-78, 417-00 хабарласуға болатындығын жеткіземіз.

32. «Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740005513, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Мұғалжар ауданы әкімінің 1.06.2023 жылғы №197 қаулысымен таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қандыағаш қаласы, «Жастық» ықшамауданы, 2Д үй, тел.: 8(71333)31122.

33. «Ақтөбе облысы, Темір ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740004189, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Темір ауданы әкімінің 9.06.2023 жылғы №101 қаулысымен таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шұбарқұдық кенті, Н.Байғанин көшесі, 11Д үй, тел.: 8(71346) 22736.

34. «Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640021244, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Байғанин ауданы әкімінің 9.06.2023 жылғы №116 қаулысымен таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, 36 үй, тел.: 8(71345) 23690.

35. «Индер ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110640017315, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті, Мәңгілік көшесі, 30 үй. Тел.: 8(71234)20022, 87016046555.

36. «Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740011885, 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап, Хромтау ауданы әкімінің 9.06.2023 жылғы №147 қаулысымен таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Хромтау қаласы, Жеңіс даңғылы, 4 үй, тел.: 8(71336) 59012.

37. «Жамбыл облысы, Меркі ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640007368, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Жамбыл ауылы, Ысмайлов көшесі, 202/Б үй. Тел.: 87263244013.

38. «Абай облысы, Күрчатов қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640013134) өз қызметін тоқтатады. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Күрчатов қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 4 үй, тел.: 8(72251)34277.

39. «Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110740001719, таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, қвартал 14, №930 үй. Тел: 8(7292)46-55-20.

40. «Ақтөбе қаласының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ (БСН 141140010516) таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 88 үй, мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады, тел.: 8(7132)418002.

41. «Әскемен қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640005391, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шәкәрім даңғылы, 149/10; тел.: 87232700672.

42. «Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» ММ, БСН 180640016191, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Железнодорожная көшесі, 125/2 үй. Тел.: 8(71133)34800.

43. «Alageum Power distribution» АҚ (БСН 180440042460) өзінің «Alageum Electric» АҚ-на (БСН030540001130) қосылуы арқылы қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 11 үй, т.е.у. 7, 804 кабинет.

44. «ТехСнабИмпорт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 140140017401) «SK Omega Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 101040002920) қосылуы нәтижесінде өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап



23. Сел тасқыны – таулы жерлерде көп таралған жойқын қиратушы күшке ие болатын қауіпті апаттық құбылыс. Сел қауіп туындауының белгілері – қарқынды және ұзақ уақыт нөсер жауынның жаууы; сел қауіпті өзеннің бастауындағы мұздақтық көлдер мен олардың ақтарылу қаупін туғызатын ауа температурасының кенеттен және ұзақ уақытқа көтерілуі; өзендегі су деңгейінің кенеттен төмендеуі немесе көтерілуі, су лайлылығының артуы;

- Қауіпсіздік шаралары:**
1. Таулы аймақтардың жағдайы туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан хабарларды үнемі бақылаңыз.
 2. Егер сел қауіпті арнаның жоғарғы жағында қарқынды нөсер жаңбыр байқалса, онда сел қауіпті, тез арада арнадан кетіңіз.
 3. Қозғалыстағы сел тасқындарына 50-70 метрден жақын бармаңыз.
 4. Тік құздар мен тік беткейлерге жақын тоқтамаңыз, опырылым болуы мүмкін.
 5. Сел арнасы бойынша қозғалыс кезінде адамдардың арасы 20-30 метр қашықтықта құрауын қадағаланыз.

«Қазселденқорғау» ММ ОАПБ Шымкент ӨІБ басшысы: М. Усербаев



екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, пошта индексі 050044, Жамқаев көшесі, 254Б/12, «LUCRUM» Бизнес-орталығы.

46. Төле би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Төле би ауданының халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640005916, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Төле би ауданы, Леңгір қаласы, Төле би көшесі, ғимарат 364/1, пошта индексі 161100.

47. «Түркістан облысы, Отырар ауданы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640008069, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Жібек Жолы даңғылы, ғимарат 66, пошта индексі 160700.

48. «Жетісай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 180940016281, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Ахмет Яссауи көшесі, құрылыс 161А, пошта индексі 160500.

49. «Бәйдібек ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640010178, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Шаян ауылдық округі, Шаян ауылы, Бәйдібек Қарашаулы көшесі, ғимарат 94, пошта индексі 160200.

50. «Алтын Финанс 2007» ЖШС, БСН 221240036352, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Т.Жүргенов көшесі, 34, нп. 1.

51. Атырау «Қалалық жұмыспен қамту орталығы» мемлекеттік мекемесі, БСН 110640019595 (Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 23 үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау қаласы, Сәтпаев көшесі, 23 үй. Тел.: 87028462787.

БАНКРОТТЫҚ

29. «АРИОН сервис» ЖШС, БСН 070640001267, «АРИОН сервис» ЖШС-н банкрот деп тану туралы талап арыз бергені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжайларда қабылданады: 140000, Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 3 үй, 11 кеңсе; Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 25 үй, 134 кеңсе, тел.: 87779385448.

МҰРАҒЕРЛІК

15. 2018 жылы 20 маусымда қайтыс болған Қозыбайұлы Аманкелдінің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А. Шардарбековке келу керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

16. 2023 жылы 9 қантарда қайтыс болған Нұржеспа Гүлжан Болатқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келу керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

21. 4.01.2023 жылы қайтыс болған Тулегенов Сапарбек Есмұратовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келу керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

22. 4.01.2023 жылы қайтыс болған Камбаров Сәрсенбек Төлебайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келу керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел.: 87022334499.

28. 6.10.1682 ж.т., Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байтұрсынов көшесі, 96/1 үй, 34 пәтер, мекенжайында тұрған, 31.03.2023 жылы қайтыс болған Самалдинов Батирбек Алхарбековичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Алматы қаласы, Абай даңғылы, 150/230, блок 3, 811 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.К. Ақилтаевқа келу керек. Тел.: 87272314259, 87054220463.

ТАЛҚЫ

ЗАҢ ЖОБАСЫНДА ЖУРНАЛИСТЕР ТАЛАБЫ ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

Көптен қоғам назарында, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында қызу пікірталас тудырып жүрген «Масс-медиа туралы» заң жобасы Мәжілістің қоржынына түсті. Соған орай палатаның Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің ұйымдастыруымен өткен отырыста жаңа құжаттың тұжырымдамалық негізі таныстырылды. Жиынға комитет төрағасы Асхат Аймағамбетов жетекшілік етті. Оған Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері, журналистика саласының ардагерлері, газет, телерадио мен ақпараттық агенттік басшылары, қоғамдық бірлестіктер өкілдері қатысты.

Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Қанат Ысқақовтың айтуынша, аталмыш заң жобасында сөз бостандығы құқығын нығайтуға және қамтамасыз етуге бағытталған жаңа қағидаттар мен мемлекеттік кепілдіктер қамтылған. Онда бүгінгі таңда БАҚ үшін өзекті болып отырған бірнеше мәселе қарастырылған. Олар журналист мәртебесін көтеру, мемлекеттік ақпараттық саясатты қаржыландыру тетіктерін реформалау, телерадио хабарларын таратуды дамыту. Мәртебеге қатысты айқындалып отырған тетіктің бірі журналистерге арналған баспасөз картасын енгізу болмақ. Вице-министрдің пайымынша, баспасөз картасы журналистердің аккредиттеу процесін жеңілдетіп, кедергісіз ақпарат алу және тарату мүмкіндігін арттыра түспек. Сонымен қатар, БАҚ өкілдерінің жұмысын ынталандырып, оңтайландырады.

Өкінішке орай, вице-министрдің бұл пікірімен жиынға қатысқан БАҚ өкілдері мен үкіметтік емес ұйым өкілдері, кейбір депутаттар келіспеді. Олардың айтуынша, баспасөз картасын беру негіздері демократиялық қағидаларға сай емес. Атап айтқанда, олар белгілі бір БАҚ өкілінде тіркелген, дипломды болса да үш жылдан бес жылға дейін жұмыс өтілі бар журналистерге беріледі. Құзырлы орында тіркелмеген желілік басылымдар, тәуелсіз БАҚ журналистері картаны ала алмауы мүмкін. Бұл айналып келгенде журналистер арасында алауыздық тудырып қана қоймай, кейбір билікке жақпаған БАҚ өкілдерін шеттетудің әдісіне айналуы ғажап емес.

Ысқақов мырза бұл пікірмен келіспеді. Оның айтуынша, баспасөз картасын енгізу журналистерді автотұраққа кедергісіз өту, шараға еркін кіру секілді ақпарат алуын барынша жеңілдететін тетік. Алайда, оның бұл сөзі дау айтушыларды сендіре алмады. Олар бұл ретте баспасөз картасын берудің ережелерін құзырлы орынның бекітетінін, бұл шараның БАҚ өкілдерінің белгілі тобы үшін кедергіге айналатынын орынды атап көрсетті.

Жиынға онлайн режимінде қосылған журналист Серік Сарыбай құжаттың өзге кемшіліктерін ортаға салды. Оның айтуынша, заң жобасының мемлекеттік тілдегі нұсқасының жазылу стилі қасаң. Мұндағы көптеген талаптар БАҚ-тың жолын ашпайды, керісінше шектейді. Қолданыстағы заңдағы нақтылықтар жойылған. Мысалы, бұрынғы қабылданған құжаттағы «баспа бетінде, басқа да нысандарда БАҚ және азаматтарға өзінің көзқарасын білдіруге рұқсат етіледі» делінген талап алынғын тасталып, тек қана «сөз, шығармашылық бостандыққа Қазақстан Республикасы кепілдік береді, цензураға тыйым салынады» деп қысқа қайырылған. Масс-медиа саласын бақылау талабына енді реттеу деген қосымша тетік қосылды. Бұл БАҚ жұмысына үнемі құзырлы орындардың араласа беру ниетін көрсетеді. Сол секілді БАҚ-тың лицензиясы бар-жоғын жергілікті биліктің тексеріп отыруы да журналистерді қолбалаға айналдырудың амалы болуы әбден мүмкін.

Жиында сөз алған Media Net Халықаралық журналистика орталығы

директорының орынбасары Думан Смақов та құжатқа қатысты біраз сын айтты. Оның сөзінен түйгеніміз, заң жобасында көрініс тапқан ақпараттың егемендігі ұғымы ақпараттың оқшаулануы дегенді білдіреді. Халықаралық құқықта мұндай түсінік жоқ. Заң жобасының 22-бабының 3-тармағында Қылмыстық кодекстің 174, 256, 274-баптарына сілтеме жасалады. Бұған дейін бұл баптар орталық басқару жүйесіне ыңғайсыз азаматтарды құдалау үшін селективті түрде қолданылып келді. Енді олардың БАҚ-қа қатысты заң жобасына енгізілуі аталмыш шараның билікке ұнамаған журналистерге қолданылу қаупін туғызады. Смақов сонымен қатар құжаттың 25-бабында айқындалған журналистің ерекше мәртебесін де құптамады. Ол бұл орайда журналистер үшін ерекше

дәрігерлерге берілген статустың БАҚ өкілдеріне де тиесілі болуы басқа мамандықтарды алалауға алып келеді және оның мәнін жояды» деп түйді. Смақов мырза құзырлы орындардан ақпарат алу мерзімін жеті күннен бес күнге азайту өлшемінің де тиімсіз екенін айтты. «Қазір бізде дүйсенбіде сұралған ақпарат келесі дүйсенбіде беріледі. Енді ол жұма күні беріліп, оны дүйсенбіде жариялау керек болады. Еш айырмашылық жоқ. Бұл кезде ол дерек ескіріп, өзектілігі жойылып кетуі мүмкін. Халықаралық өлшемде ақпарат алу мерзімі үш күннен аспайды» деген журналист пікірін барша БАҚ өкілдері құптады.

Депутат Елнұр Бейсенбаев журналистерді баспанамен қамтамасыз ету үшін БАҚ өкілдеріне арнайы статус берудің мүмкін еместігін айт-

жүргізу арқылы ғана шеше алады. Онда журналистерге ипотека қандай пайызбен және қандай шарттармен беріледі деген сұрақ төтесінен қойылу керек. Сол секілді баспасөз картасы тек әлеуметтік кепілдік берілетін болса ғана енгізілуі қажет.

Ал депутат Ермұрат Бапи гранттық қаржыландыруға қатысты талабын жеткізді. Оның айтуынша, бұл шара өркениетті елдердегідей тәуелсіз комиссия арқылы шешіліп, қаржы нақты қажет БАҚ-қа берілуі тиіс. Сонымен қатар, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аймақтық басылымдарды субсидиялаудан бұрын, шетелдік ақпарат құралдарына белгілі бір шектеу белгіленуі қажеттігін атап көрсетті.

Халық қалаулысы Бақытжан Базарбек болса жаңа құжатта негізсіз талап, екіұшты норма көп. Мысалы, БАҚ-ты тіркеуге алу, оның жұмысын тоқтату негіздері ақылға сыймайды. Тіркелген журналистер Конституциялық соттың отырысына кіре алмайды. Неліктен? Негізінде Конституциялық сот туралы заңның 4-бабында «соттың жиналысы ашық болады» делінген. Жалпы заңда жалпылама сөз болмай, барлық өлшем талаптармен айқындалуы тиіс.

Төкелерін айтқанда, жаңа құжат жан-жақты жұмысты қажет етеді. Бұл ретте журналистердің де белсенді көзқарасы мен тегеурінді іс-әрекеті қажет. Бір қуанарлығы, заң жобасы бойынша құрылған жұмыс тобына депутат, талантты журналист Жанарбек Әшімжан жетекшілік етеді. Әріптесіміздің бұл құжатта БАҚ-тың, ондағы қаруластарының мұң-мүддесі толық қамтылып, шешім табуына бар мүмкіндікті жұмсайтынына сенім мол.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ, «Заң газеті»

АУМАҚТЫҚ ӘСКЕР

ӘСКЕРІ ҚУАТТЫ ЕЛДІҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ



Биыл елімізде аумақтық әскердің құрылғанына 6 жыл толды. Бұл атаулы мереке 2017 жылғы 13 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қорғаныс және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойылған күнге орай белгіленген болатын. 2018 жылғы сәуірде әкімдіктер жанындағы аумақтық қорғаныс құрамалары қарулы күштер аумақтық әскерлерінің әскери бөлімі болып қайта құрылды. Бүгінде аталмыш құрылым өзінің әлеуетімен, дайындығымен төтенше жағдай кезіндегі әрекетімен оң пікір қалыптастырып отыр.

Аумақтық әскерлер қалыпты уақытта қысқартылған штат бойынша жұмыс істейді. Қажеттілік

туындағанда төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жоюға жұмылдырылады. Қазіргі уақытта қарулы күштеріміздің аумақтық әскері еліміздің барлық облысында, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада құрылған. Яғни, тосын жағдай қай тараптан келсе де, тойтарыс беруге әзір аумақтық әскеріміз қалыптасқан. Аумақтық әскер қазіргі таңда төтенше жағдайға сақадай-сай болу үшін республикалық оқу-жаттығуларға да жиі қатысып тұрады.

Ал ерекше кезеңде олар билікке халықты эвакуациялауға, объектілер мен коммуникацияларды диверсиялық топтардың террористік әрекетінен қорғауға көмекте-

седі. Аумақтық әскер әлеуеті жыл сайын артып келеді. Оларды материалдық-техникалық жарақтандыру, қажетті инфрақұрылымдық объектілердің құрылысы бойынша жұмыстар да жүргізілуде. Қазіргі таңда олардың дайындығына аса мән беріліп отыр.

Аумақтық әскерлер республикалық оқу-жаттығу, тәжірибе алмасуға да қатысып тұрады. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары мен аумақтық қорғаныс мамандары үшін біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылған. Аумақтық қорғаныс бөлімшелеріне тіркелген әскери міндеттілердің әскери жиындары да дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Мұның барлығы олардың дайындығын пысықтау үшін жасалып отырған шаралар. Осыған дейін еліміздегі аумақтық әскерлер Қостанайдағы өрт кезінде, су тасқындары кезінде өздерінің қарым-қабілетін танытты.

Мемлекет аумақтық әскерлердің әскери қауіпсіздік пен қарулы қорғанысына, елдің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету мен дағдарыс жағдайында халық пен аумақтарды қорғауға көмек көрсетуде жедел шаралар қабылдауы үшін барлық іс-шараларды қабылдауда. Әскери қуатты елдің әлеуеті жоғары болатыны айтпаса да түсінікті. Бүгінгі алмағайып заман соны көрсетіп отыр. Ендеше, ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігін қадір тұтатын Қазақ елі үшін қауіпсіздік мәселесі әрқашан бірінші орында болуға тиіс. Ал қауіпсіздігімізді қамтамасыз ететін қарулы күштеріміз барда ұйқымыз тыныш.

Ерсұңқар ҚОНЫСБАЙ

КӨЗҚАРАС

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАҒАСЫН БІЛЕТІН ЕЛ

Өткенімізге көз жүгіртсек қазақ елі ежелден «Ешкімге соқтықпай жай жатқан ел. Елімізден құт-береке қашпа-сын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан ел» – деп айтып кеткендей, осынау дархан даланы білектің күшімен қорғап қалған ел. Қанша жылдар өтсе де Қазақстан осы ұстанымынан айныған жоқ, керісінше бейбітсүйгіш ел ретінде араздасқан елдерді татуластырып, Астананы оларға достық алаңы ретінде ұсынып, халықаралық жиындар өткізуге мұрындық болып, ядролық қарудан өзі де бас тартып, басқа елдерді де осы бір бейбіт ұстанымға шақырып келеді. Сондықтан бүгінде Қазақстанды әлем елдері «бейбітшілік бесігі» ретінде таниды. Шын мәнінде еліміз үшін бұл үлкен абырой.

Әлем елдерінің Қазақстанды бейбіт сүйгіш, жүзден астам ұлтты тату-тәтті бір шаңырақтың астына жинай білген, тұрақтылығы берік, өздігінен ешкімге тиіспейтін ел ретінде тануы мақтанш етуге тұрады. Сондықтан бейбіт күннің бағасын білетін ел ретінде құрметтейді. Соның дәлелі діни қақтығыстар тұтанып тұрған жылдары әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Астананың төрінде бас қосуы. Олар елімізге сенбеге аттап баспас та еді. Бүгінде әлемдегі конфессиялар мен діндер көшбасшыларының үш жыл сайын жиналып, жаһандық мәселелерді талқыға салатын пікірталас платформасына айналған бас қаламыз Астана әлемдегі түрлі қақтығыстарды реттеу мен шешуде маңызы зор орталық болып отыр. Бұл ауыз толтырып айтарлықтай жайт.

Одан кейін әлем елдерін бейбіт өмір

мен татулыққа шақырған халықаралық деңгейде бірнеше шара өткізді. Саясаттанушы Руслан Аман «Қазір Қазақстанның бұл ұстанымын әлем елдері мойындап отыр. Осы тұрақтылық пен татулық еліміздің ұдайы дамуына оң ықпал етіп отыр. Сондықтан бұл дағдыны жоғары бағалауымыз керек. Қанқұмар, басқыншы елдердің ертеңінің не болғанын көріп отырмыз. Сондықтан мемлекеттің ұстанымы жалпы ұлттың да қалауы деп айта аламыз» дейді.

Тарихтың қай тарауын қарасаң да, қазақ елінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтап қалу ұлттың ұлы тұлғалары үшін оңай болмағанын көреміз. Тарихта аты қалған тұлғаларымыз негізінен осындай әрекеттері үшін есте қалған. Қазақ халқының мұндай ұстанымының сыры да түсінікті. Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ барлық мемлекетпен татулық пен ынтымақта қарым-қатынас жасауға ықылас білдірді. Ең алғашқы елдердің бірі болып ядролық қарудан бас тартқаны тәуелсіз ел тарихында өз бағасын алатын әрекет. Ал елменің алпауыт елдері мен халықаралық ұйымдары алдында басқыншылық пен алауыздыққа, өзара қырқысуға қарсылығын танытып, конфессияаралық, өркениетаралық диалог орталығын бекітуге дайын екендігін білдіріп, алдағы уақытта да аумақтық және жаһандық қауіпсіздік үшін барынша күш салатынын мәлімдеуі батыл қадам болатын. Сондықтан халқының тыныштығын ғана емес, әлемнің тұрақтылығын қалайтын Қазақстанның болашағы зор.

Қ.ӘБІЛДАҚЫЗЫ, «Заң газеті»

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор Айнұр СЕМБАЕВА Бас редактордың орынбасары Шолпан ҚАРАЕВА

Нөмірдің кезекші редакторы Ерлік КЕБЕКБАЙ

Меншік иесі: «ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Table with 2 columns: Location and Name. Includes Astana, Almaty, Aktyubay, Atyrau, Mangystau, Qyzylorda, Turkestan, Balyk, Kazakhstan.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31